

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№111 (9428) | 1954 жылғы 4 июнь Жұма | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Комбайн әрі тез, әрі сапалы жөнделсін

Бүгін еліміздің еңбекшілері сияқты, облысымыздың еңбекшілері де СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыру күресін күшейте отырып, бығыл егіс көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен едәуір ұлғайтты. Колхоздар мен совхоздарда өткен жылғы көтерілген тың жерлерді қоспағанда, үстіміздегі жылдың көктемінде 77 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер жаңадан жыртылып, оған тұқым себілді. Сөйтіп, егіс көлемі дақылдардың барлық түрлерін қоса есептегенде өткен жылғы мәлішерден 16,2 проценттей артты, ал мұның ішінде дәнді дақыл көлемі 16,8 процент артын отыр.

Бығыл көктемнің кеш басталуына қарамастан облыстың озат колхоздары мен совхоздары егісті қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. Мәселен, Конохов ауданындағы Мичурин атындағы, Булаев ауданындағы Калинин атындағы, Совет ауданындағы Молотов атындағы колхоздар мен Чистов, Булаев, Явленка совхоздары егіс жұмыстарын облыста бірінші болып аяқтады. Кәзір бұл колхоздар мен совхоздардың дәнді дақыл егістері бірмәлі көктем, өне бастады.

Егіс көлемінің артуы егіншілердің алдына қойылатын талапты бұрынғыдан да ұлғайта түседі. Демек, көктемгі егісті дәрежеде өткізу дегеніміз — егіннен мол өнім алудың алғашқы қадамы ғана. Ал, егіннен мол өнім алудың шешуші кезеңі — егінді күту және оны жыйнау маусымы болып табылады. Сондықтан егінді күту жұмыстарын агротехникалық ережелер бойынша ұйымдастыра түрде жүргізумен қатар, оны ысырапсыз, кезінде жыйнау алуға осы бастан ұқыптылықпен әзірлену керек.

Облысымыз соңғы жылдары мемлекетке астық тапсыру жоспарын артығымен орындап, зор абройға ие болып келеді. Бұл, өз жері, колхоз, совхоз егіншілерінің, әсіресе, МТС, совхоз механизаторларының және мамандарының қажырлы еңбектерінің нәтижесі. Олардың басым көпшілігі өткен жылы егінді жазда күтуде, күзде жыйнауға еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Егінді оры, бастыру, астықты алдымен мемлекетке тапсыру жұмыстарының арасында алшақтықтың болуына жол бермей, бұл жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра жүргізіп, техника қау-

тамасыз етілмеген. Қажетті бөлшектердің кезінде жеткізілмеуінен жөндеушілер жұмыс уақытының көбін босқа өткізеді.

Баян МТС-інде (директоры Ковшев, партия ұйымының секретары Карпов жолдастар) жөндеу жұмысы шын мәнінде басталған да жоқ. МТС басшылары «комбайн жөндеуді кешіктірмейміз, оны тез арада бастаймыз» деп аудандық партия комитетінің бірінші секретары Долженко, аудандық Совет атқаміншісі председатели Макаров жолдастарға бірнеше рет уәде беріп, сенім білдірді. Долженко, Макаров жолдастар МТС басшыларының бұл уәделеріне төкпейілеп, осы уақытқа дейін олардан сөзден гөрі іске көшуді талап етпей келеді.

Аталған екі МТС-те де еңбек ұйымдастыру ісі өте нашар. Жөндеушілер жұмысқа кеш шығады, уақытты дұрыс пайдаланбайды. Мастерскойларда социалистік жарыс формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Жарыста қабылданған міндеттенің орындалуын тексерушілер жоқ. Міне, осы елеулі кемшіліктердің бәрі Долженко, Макаров жолдастардың көз алдынан өтіп жатыр. Не пайда, олар МТС-терде комбайн жөндеу жұмысын жақсартудың нақтылы шараларын қарастырмай отыр.

Бығыл Коновалов МТС-інде 58 комбайн, Ворошилов атындағы МТС-те 45 комбайн, Семиполка МТС-інде 38 комбайн жөндеуден өткізілуге тиіс. Осыншалықты комбайнды жөндеп шығуға көп уақыт қалған жоқ. Дегенмен, бұл МТС-тердің директорлары Ломазов, Шинкин, Мальченко жолдастар асығатын емес. Олар әлі күнге жайбарақаттыққа салынып жүр. Сол себептен де бұл МТС-тердің әрқайсысында 1 июньге дейін үш-төрт комбайннан ғана жөндеді. Бұл сияқты елеулі кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды.

Комбайн жөндеу қарқынын әселеп арттыру — кезек күттірмейтін міндет. Бұл үшін МТС, совхоз дирекциялары мен партия ұйымдары, аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері жөндеушілер арасында социалистік жарыстың кең өрістегілуін, жөндеу мастерскойларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын, комбайнды бригадаларға ортаптық әдіс бойынша жөндеудің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етулері керек.

Жөндеуші механизаторлар арасында

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен Петропавл совхоздар трестінің ұсынуы бойынша көктемде тың жер жыртыуды және дәнді дақылдар егуді қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары сапада өткізген мына озаттар облыстық ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

Приешім совхозы (директоры Гайдуков, партия ұйымының секретары Цыбин жолдастар);

Маленков атындағы совхоз (директоры Лизунов, партия ұйымының секретары Крысанов жолдастар);

Тимирязев атындағы совхоз (директоры Зарицкий, партия ұйымының секретары Цуканов жолдастар);

Булаев совхозы (директоры Кержнер, партия ұйымының секретары Останин жолдастар);

Интернационал совхозы (директоры Онуфриенко, партия ұйымының секретары Божанов жолдастар);

Преснов совхозы (директоры Ларин, партия ұйымының секретары Рашупкин жолдастар);

Приешім совхозы (директоры Донченко, партия ұйымының секретары Бабаков жолдастар);

Совет МТС-і (директоры Лымарь, партия ұйымының секретары Павленко жолдастар);

Шағлы МТС-і (директоры Филиппов, партия ұйымының секретары Павлюк жолдастар);

Суворов атындағы МТС (директоры Верткин, партия ұйымының секретары Громов жолдастар);

Конохов ауданындағы «Нолос» колхозы (председатели Борисов, партия ұйымының секретары Шестаков жолдастар);

Конохов ауданындағы Мичурин атындағы колхоз (председатели Базылов, партия ұйымы секретарының міндетін уақытша атқарушы Милютин жолдастар);

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоз (председатели Трофименко, партия ұйымының секретары Гриб жолдастар);

Совет ауданындағы Молотов атындағы колхоз (председатели Жунысов, партия ұйымының секретары Құрманбаев жолдастар);

Октябрь ауданындағы «Победа» колхозы (председатели Макевник, партия ұйымының секретары Лешкин жолдастар).

Озат механизаторлар

Совет МТС -нің № 2 трактор бригадасын тәжірибелі механизатор Ландыш жолдас басқарады. Ол тракторлардың механизмін жете біледі. Өзінің тәжірибесін тракторшыларға кеңінен таратып, жалпы бригада бойынша зор еңбек өрлеуін туғызып отырады.

Бригада мүшелері көктемгі егіс жұмыстары басталар алдында трактор бригадаларының өзара социалистік жарысына қосыла отырып, әрбір 15 аттың күші бар трактормен 1000 гектар жер жұмыстауға, өздері жұмыстаған учаскелердегі егіннің әрбір гектарынан кемінде 100 пұттан өнім алуға міндеттеме алған болатын.

Механизаторлар дала жұмыстарының

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті колхоз басқармаларының, МТС және совхоз директорларының, аудандық партия комитеттері мен аудандық Советтердің, СОКП облыстық комитеттерінің, өлкелік комитеттерінің, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттерінің, облыстық атқару комитеттерінің, өлкелік атқару комитеттерінің және республикалардың Министрлер Советтерінің алдына колхоздар мен совхоздардағы барлық малды жемшөппен толық қамтамасыз етуді аса маңызды мемлекеттік міндет етіп қояды, бұл жөнінде мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарын орындаудың дәл осыған байланысты екенін есте ұстау қажет.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауды өткізу туралы

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті жемшөп дайындайтын, жемшөпті тамыржемістер, сүрленетін және басқа жемшөптік дақылдар егісін баптап-күретін шешуші кезеңнің басталғанын жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, МТС, совхоз және колхоз басшыларының есіне салады және бұл жұмыстарды ойдағыдай жүргізгенде ғана қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын жасап, колхозшылардың тапқан еңбекқуларына жемшөп беру жоспарын орындауға мүмкіндік туатындығына СОКП облыстық комитеттерінің, өлкелік комитеттерінің, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттерінің, облыстық атқару комитеттерінің, өлкелік атқару комитеттерінің, республикалардың Министрлер Советтерінің, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ССРО Совхоздар министрлігінің назарын аударады.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті қаулы етті:

1. Облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия, совет органдарына, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және ССРО Совхоздар министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда пішен жыйнайтын машиналарды жөндеудің мезгілінде аяқталуы, бұлардың пішен жыйнауға толық пайдалануы және пішен жыйнайтын әрбір агрегаттың сменалық нормаларды орындауы, сөйтіп, табиғи шабындықтар мен екіле шөп егісінің бүкіл көлемінде шөп шабудың толық және мезгілінде өткізілуі қамтамасыз етілсін.

Шөп машиналарын пайдалануға мүмкіндік болмаған жерлерде колхоздар мен совхоздар шөпті қолмен шабуды ұйымдастырсын, сөйтіп, шөбі шабылмаған бірде-бір гектар шабындық қалмайтын болсын.

б) колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мүмкіндігінше көп бөлегінің пішен жыйнауға қатысуы мұқият көзделсін.

2. Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігі мен ауылшаруашылық машиналарын жасау жөнінде тапсырмалар алған басқа өнеркәсіп министрліктеріне пішен жыйнайтын, сүрлейтін дақылдар жыйнайтын машиналар мен құрал-сайманды және қажетті запас бөлшектерін ауыл шаруашылығына жасап берудің белгіленген жоспарын ең қысқа мерзімде орындауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

кылдары мен басқа жемшөптік дақылдар егістерін баптап-күтудің мезгілінде және мұқият өткізілуі ұйымдастырылсын, сөйтіп, бұл дақылдардың барлық көлемінен мол өнім алынатын болсын. Сүрленетін дақылдар мен жемшөп сүрлеу үшін табиғи шөптер кеңінен пайдаланылсын;

г) барлық колхоздар мен совхоздарда жемшөп сүрлеу жоспарын орындауға қажетті мөлшерде жемшөп егісін сүрлейтін құрылыстар салу жұмыстарының мезгілінде аяқталуы қамтамасыз етілсін; сүрленген жемшөп жөніндегі тілектерді толық қамтамасыз етпейтін және жемшөп сүрлеуді арттыруға мүмкіндігі бар жерлерде қоғамдық мал шаруашылығының сүрленген жемшөп жөніндегі тілектерін толық қанағаттандыру және колхозшылардың жеке меншігіндегі малына сүрленген жемшөп беру есебінен жемшөп сүрлейтін құрылыстар салынсын;

д) дәнді егіс комбайнмен жыйналғаннан кейін барлық сабан мен топаңды маллау ұйымдастырылсын. Бұл үшін МТС-тер мен совхоздарда бар трактор сүйретпелері, шөп маяларыштар және басқа механикаландыру құралдары кеңінен пайдаланылсын;

е) жазғы жыйылым маусымы сыйыр сауу, мал семірту үшін барынша пайдаланылсын, көк шөп конвейерін қолдана отырып, сауын сыйыр мен басқа малды қолда лагерьлеп бағу әдісі кеңінен қолданылсын.

3. Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігі мен ауылшаруашылық машиналарын жасау жөнінде тапсырмалар алған басқа өнеркәсіп министрліктеріне пішен жыйнайтын, сүрлейтін дақылдар жыйнайтын машиналар мен құрал-сайманды және қажетті запас бөлшектерін ауыл шаруашылығына жасап берудің белгіленген жоспарын ең қысқа мерзімде орындауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

тын өнімді пайдаланды. Істі осылай ұйымдастырғандардың қатарына Петропавл ауданының «Красный пахарь», Преснов ауданының Сталин атындағы, Ленин ауданының «Новый путь», Совет ауданының «Болос» колхоздары мен Тоқшын, Совет, Мамлют және Киров атындағы совхоздарды қосуға болады. Бұлардың егін жыйнауға әзірлік барлық жағынан тыңғылықты жүргізді, егін ысырапсыз кезінде жыйналды, мемлекетке астық тапсыру жоспары қысқа мерзімде, артығымен орындалды.

Үстіміздегі жылы дәнді дақыл егінді түгелдей техника күшімен жыйнауға тиіс. Ал, комбайн — егін жыйнауға арналған машиналардың ішіндегі ең күрделісі. Олай болса, жөндеуден өткізілуіне тиіс комбайндарды жөндеу, оларды егін жыйнауға толық әзір егудің зор маңызы бар. Бірақ, көп МТС-тер мен совхоздардың басшылары бұл жұмысқа әлі жете мән бермей келеді. Соның салдарынан бірінші июньге дейін МТС -тер бойынша облыста комбайн жөндеу жоспары небары 13,5 процент қана орындалып отыр. Істің жаңы совхоздарда да қанағаттанарлық емес. Совхоздарда бірінші июньге дейін комбайн жөндеу жоспарының 17,1 процентінің ғана орындалуы бұған толық дәлел бола алады.

Комбайн жөндеуде өте мөте артта қалып отырған Преснов ауданындағы Баян, Майбалық, Октябрь ауданындағы Коновалов, Ворошилов атындағы Семиполка МТС-тері, Майбалық МТС-інде (директоры Соголов, партия ұйымының секретары Сембаев жолдастар) комбайнды жөндеу жұмысы басталған. Бірақ, мұнда жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша емес, жабайы әдіс бойынша жүргізіледі. Осы себепті МТС-тің мастерскойында еңбек өнімділігі төмен. Оның үстіне жөндеушілер қосалқы бөлшектермен қам-

тардың инициативасын үнемі қолдап отыру, олардың жұмыс тәжірибелерін кеңінен насихаттау арқылы көпшіліктің игілігіне айналдыру, сөйтіп, жөндеушілер арасында еңбектің жаппай өрлеуін тудызу — үгітшілердің, партия, совет, комсомол ұйымдарының маңызды міндеті. Сондықтан үгітшілер мен бұл ұйымдар механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, оның өндірістік міндеттермен тығыз ұштастырыла жүргізілуіне назар аударулары керек.

Егін жыйнауға тыңғылықты әзірлену комбайндарды қандай әрі тез, әрі сапалы жөндеуді керек етсе, егін жыйнайтын, астық бастыратын басқа да машиналарды сондай тез, сапалы жөндеуді керек етеді. Бұл іске МТС, совхоз басшыларымен бірге колхоз басшылары да көңіл бөліп, жөндеу жұмысының барысына қарқын тудыра білулері керек.

Жөндеуші механизаторлардың, МТС, совхоз мамандарының ерекше көңіл бөлетін мәселесі — егін жыйнайтын барлық машиналарды, әсіресе, комбайндарды жөндеуде ешқандай ақауға жол бермеу. Жөндеу жұмысында ақау болса, оның егін жыйнау кезінде жұмысқа үлкен кедергі жасайтындығы кімге болса да мәлім. Олай болса, жөндеушілер әрбір машинаның жөндеуден тек жоғары сапада ғана өткізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Облыста егін жыйнайтын машиналарды, оның ішінде комбайндарды мемлекет тағайындаған мерзімде жоғары сапада жөндеп шығаруға керекті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. МТС -тер мен совхоздарда жөндеуші механизаторлар жеткілікті. МТС, совхоз, партия, совет ұйымдары басшыларының міндеті сол — қолда бар мүмкіншілікті сарқа пайдалана отырып, егін жыйнайтын барлық машиналарды егін жыйнау маусымына сақадасай әзір ету.

Амур өзен пароходствосын Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Амур өзенінде орыстың бұл қуатымен жүретін кеме қатынасының басталғанына 100 жыл толуы құрметіне және Қыйыр Шығыста транспорттық қызмет ету ісіндегі сіңірген еңбегі ескеріліп, ССРО Теңіз және өзен флоты министрінің Амур өзен пароходствосы **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
31 май, 1954 жыл.

РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен РСФСР Министрлер Советінен

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы мен РСФСР Министрлер Советі Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге байланысты құттықтап, сәлем білдіріп, тілектестік білдірген барлық қоғам ұйымдарына, мекемелер мен жеке адамдарға шын жүректен алғыс айтады.

РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы.
РСФСР Министрлер Советі.

мені орындау жолында қажырлылықпен еңбек етті. Бригададағы 4 трактор көктемгі егіс бойы тоқтаусыз жұмыс істеді. Тракторшылар тракторлардың қуатын жерді жырту, өңдеу және оған тұқым себу жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдалану арқылы жоғары көрсеткішке ие болып жүр. Мысалға, партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді көтеруге келген кубаньдық Плотников жолдасты алуға болады. Ол тың жерлерді жыртуда және тұқым себуда МТС механизаторларына еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Плотников жолдас кей күндері сменалық жұмыс тапсырмасын 170 процентке дейін орындауға жетісті.

Осы сыяқты, тракторшылар Пивневский және Лысенко жолдастар да тракторлар-

уынан дауымз керек. Бригадада сапалы ауысарда тракторға техникалық күтім жасау әдетте айналған. Бұл кезде тракторшылар машиналардың бөлшектерінің жұмыс істеуін байқайды.

Осының барлығы бригадада 1 июньге дейін 15 аттық күші бар әрбір трактормен 500 гектардан астам жер жұмыстауына мүмкіндік беріп отыр. Механизаторлар көктемгі егісте қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, пар жырту жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде.

Кәзірдің өзінде бригада мүшелері 200 гектардан астам пар жыртты. Олардың көпшілігі тың және тыңайған жерлерден жыртты. Жер жырту агротехникалық жоғары сапада жүргізілуде.

Н. СӘКЕНОВ.

ды, МТС және совхоз қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандыру шараларының қолданылуы қамтамасыз етілсін. Қажет болған жағдайда еңбекке жарайтын село халқы, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың жұмысына зиян келтірмей, қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы шөп шабуға қатыстырылсын. Жемпөп дайындауға қатыстырылатын халыққа ақы төлеу ССРО Министрлер Советінің 1953 жылғы 19 июньдегі № 8299 жарлығына сәйкес жүргізілсін;

в) сүрлеу үшін егілген жүгері, күнбағыс егістерін, тамыржемистер, бақша да-

ССРО министрлер Советі мен Социал Орталық Комитеті колхоз басқармаларының, МТС және совхоз директорларының, аудандық партия комитеттері мен аудандық Советтердің, СОКП облыстық комитеттерінің, өлкелік комитеттерінің, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттерінің, облыстық атқару комитеттерінің, өлкелік атқару комитеттерінің және республикалардың Министрлер Советтерінің алдына колхоздар мен совхоздардағы барлық малды жемпөпшен толық қамтамасыз етуді аса маңызды мемлекеттік міндет етіп қояды, бұл жөнінде мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарын орындаудың дәл осыған байланысты екенін есте ұстау қажет.



Туған елімізде



М. И. Глинканың туған жерінде

ЕЛЬНА, (Смоленск облысы). 1 июнь. (СОТА). Орыстың ежелгі қаласы Ельна өз жері, орыстың ұлы композиторы М. И. Глинканы қадірлеп есте тұтады.

Қала өсіп көркейіп келеді. Соңғы жылдарда мұнда жаңа кәсіпорындар, мектептер салынды. Ельна еңбекшілерінің орта мектебі Глинканың есімімен аталатындығы туралы хабарды зор қуанышпен және мақтанышпен қарсы алды.

Кеше мәдениет үйінде М. И. Глинканың туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс болды. Оған сыр жасайтын, зығыр өңдейтін және кіріпші заводтарының жұмысшылары, төңірекке орналасқан селолардың колхозшылары, интеллигенция өкілдері қатысты.

Композитордың өмірі мен творчествосы туралы баяндамадан кейін үлкен концерт берілді. Мәдениет үйінің 80-нен аса адамнан құрылған хоры М. И. Глинканың шығармаларын орындады.

ЖҮКТІ ӨЗДІГІНЕН ТҮСІРЕТІН ВАГОНДАР

ЖИГУЛЕВ, (Куйбышев облысы), 1 июнь. (СОТА). Куйбышев СЭС-нің құрылысшылары туысқан Украина еңбекшілерінен тарту алды. Днепродзержинскінің «Правда» газетінің атындағы вагон жасау зауытының коллективі құрылысқа жүкті өздігінен түсіретін вагондардың бір тобын келтірді. Жаңа жабдық жүк түсіру жұмыстарын бірнеше есе тездетуге мүмкіндік береді.

Вагондар СЭС-і үйінің котлованындағы бетон участогінде сынан өткізілді. Бір сағат уақыттың ішінде 4 вагоннан 240 тонна цемент түсірілді. Бұрын мұншама цементтер түсіруге жұмысшылар көп болғанның өзінде 8—10 сағат уақыт кететін.



Краснодар өлкесі. Быйылғы жылы біздің еліміздің мыңдаған еңбекшілері Кавказдың Қара Теңіз жағалауында дем алады. Тек Сочи-Мацестинск курорттарының санаторийлары мен демалыс үйлерінде ғана 200 мыңнан астам адам дем алады.

СУРЕТТЕ: Серго Орджоникидзе атындағы санаторийдің жалпы көрінісі. Суретті түсірген Е. Шуленов. (СОТА-ның фотохроникасы).

КУБАНЬДА ӨСКЕН КҮРІШ

КРАСНОДАР, 1 июнь. (СОТА). Кубаньда бірсыпыра ірі суару жүйелері салынып жатыр. Өлкелік су шаруашылығы басқармасының бастығы Золотарлов жолдас СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде мынаны хабарлады: Кубань таяу жылдардың ішінде еліміздің күріш өсіретін аса ірі ауданына айналады. Өлкеде күріш өсіруге жарайтын суармалы жерлердің көлемі 5—6 жылдың ішінде 16 мың гектардан 100 мың гектарға дейін артады.

Плантацияларды суару мақсатымен Петровск Анастасевск, Афинск, Брюковск және Мариано-Чебургольск суару жүйелері жасалып жатыр, кәзірдің өзінде жұмыс істейтін Кубань күріш жүйесі едәуір ұлғайтылады.

Жаңа суару жүйелері — күрделі гидротехникалық құрылыстар болады. Север және Абин аудандарының территориясында шығыс каналдың ұзындығы 30 километр бөлеті салынады.

Владимир Ильич атындағы заводта

Москваның Владимир Ильич атындағы зауытының электр моторлары бүкіл елімізге белгілі. Бұл моторларды өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы барған сайын көп алуға.

Механикалық-құрастыру цехы. Әрбір жұмыс орнында еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарыстың инициаторы И. Марунов жолдас басқаратын бригада жұмыс істейтін карусель станоктары ұзыннан ұзақ орналасқан.

Пневматикалық құрал электр мотордан құйылып жасалған 380 килограмм станинасын станокке жеткізді. Бірнеше минут өткісімен-ақ бөлшек өңделе бастайды. Ал, осыдан біраз уақыт бұрын станинаны әкеліп орнатуға бір сменадағы уақыттың тең жарымы кететін. Карусель станоктардың фирмалық жазуында «Минутына 45,5 айналым жасайды» делінген. Бұл агрегаттың қаншалықты шапшаңдылығын жұмыс істей алатынын көрсетеді. Бірақ, жаңашылар басқаратын станоктардың столдары бұдан да көп айналады. Техникалық мұндай табысқа карусельші-токарьлардың творчестволық еңбек етуінің нәтижесінде қол жетті. Бригада агрегаттардың кейбір тораптарын өзгерттіп, әртүрлі тетіктер жасап, жабдықты неғұрлым жақсы пайдалануға жетуде, бөлшектерді барған сайын көп шығаруда. Соңғы екі айдың ішінде бригаданың еңбек өнімділігі 8 процент артты. Мұның өзі жыл аяғына дейін қосымша жарты миллионнан аса сомдық өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Завод коллективі 1954 жылы еңбек өнімділігін 12 процент арттыруды ұйғарды. Бұл жоспарда көзделгендегіден 5 процент артық. Ұлы Лениннің есімімен аталатын кәсіпорынның қызметкерлері Лениннің еңбек өнімділігі туралы айтқар өсиеттерін ойдағыдай жүзеге асыруда. (СОТА).

Саяси және ғылыми білімдерді насихаттау жақсартылсын

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамның II пленумынан

Қазақ ССР-нің саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының II пленумы болды. Онда «Бүкілодақтық қоғамның II съезінің қорытындылары және Республикада саяси және ғылыми білімдерді насихаттауды жақсарту шаралары туралы» басқарма председателінің орынбасары Боранбаев жолдас баяндама жасады.

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғам кезірі 12 мыңға жуық интеллигенттер өкілдерін біріктіреді. Олардың ішінде—академиктер, докторлар мен ғылым кандидаттары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңашылдары бар. Қоғам мүшелері еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуге, олардың саналылығының өсуіне, өндірістік және творчестволық белсенділігінің өсуіне белсене көмектесуде. Өткен жылы қоғам мүшелері 34 мың лекция, ал, быйыл 20 мыңға жуық лекциялар оқыды. Алайда, лекциялық насихатта елеулі кемшіліктер де бар, ол әлі де болса коммунистік құрылыстың кезіргі міндеттерінен, республика еңбекшілерінің өскелең рухани тілегінен кейін қалып отыр. Маркстік — лениндік теория, Совет Одағының Коммунистік партиясының тарихы, халық бұқарасының тарихтағы ролі, СОКП-ның бағыт беруші және басшылық ролі, ССРО халықтарының достығы мәселелері жөнінде лекциялар жеткіліксіз оқылып келеді.

Пленум халықаралық жағдай мәселелері жөніндегі лекциялардың саны көбейсе дағы, ол лекцияларда елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. Қоғамның бірқатар мүшелері шолу лекцияларымен қанағаттанып, социализм және демократия лагерінің экономикасының үделіп өсуін, капитал елдерінде экономикалық дағдарыстың өршуін көрсетуге жете назар аудармайды, басты капитал елдері—АҚШ пен Англия арасындағы кезіргі қайшылықтарды жеткіліксіз ашады, сондай-ақ оншыл социалистер лагерлерінің империалистік буржуазияның агенттері ретінде сатылушылық, жалдамалылық ролдерін әшкерелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді. Отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысы мәселелері жөнінде лекциялар аз оқылады. Ұйымдастырылған лекциялар, әдетте үстірт оқылады, лекторлар, мәселен, «Дүние жүзінің саяси картасында» деген сыяқты насихаттың түсінікті, әсерлі түрін аз пайдаланады. Қытай Халық Республикасы туралы, халықтық демократия елдері, олардың табыстары туралы, кәсіподақтардың қозғалыстары туралы лекциялар мүлде оқылмайды десе де болады.

Пленум қоғам ұйымдарының көпшілігі лекциялардың сапасына, идеялық және ғылыми дәрежесіне нашар бақылау жасайтынын ерекше атап көрсетті. Лекциялардың текстілерін қарау олардың творчестволықпен талқылаудың орнына формальді өтіп, лекциялардың сапасының

жақсаруына әсер етпейді. Лекциялардың сапасын бақылауда оны алдын ала оқу, мұнан кейін пікір айту сыяқты тәжірибеде сыналған әдістер аз қолданылады. Кейбір лекторлар өздерін түрлі мәселелер бойынша және әртүрлі тақырыптарда лекция оқуға қалыптасқан «жермет» маманбыз деп есептейді. Мәселен, Семейде, Вагин деген жолдас өткен жылы 100-ден астам лекция, соның ішінде: «Социалистік қоғамда сүйіспеншілік, семья және неке», «Толстой —орыстың ұлы жазушысы», «Достық және жолдастық туралы», «Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары», «Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің жолдары» және басқа тақырыптарда лекциялар оқыды. Қоғамның Алматы облыстық бөлімшесінің лекторы Қазиев жолдас халықаралық жағдай, социалистік меншік, ССРО әйелдерінің праволары жөнінде лекциялар оқыды. Өздерінше барлық мәселеге «жеткі» бұл «шеберлер» мінбеден қоғамға жіберілген кітапшаларды, журналдардан мақалаларды, материалдарды оқу арқылы асыл сөздің әсерін жоғалтады. Мұның өзі еңбекшілердің лекциялық насихатқа деген ынтасын төмендететіні мәлім.

Лекциялар жаратылыс-ғылыми тақырыптарда аз оқылады. Республикада, әсіресе, ғылыми-аттеистік білімдерді насихаттау нашар ұйымдастырылған. Бірінші тоқсанда бұл тақырыптарға арналған лекциялардың жалпы санының небары 2,7 проценті ғана оқылды. Бірқатар ұйымдар ғылыми-техникалық білімдер насихатын жете бағаламайды. Республикада үстіртіндегі жылы небары 148 лекция, өнеркәсіп пен транспорт озаттарының тәжірибелері жөнінде небары 5-ақ лекция оқылды. Осы сыяқты, физкультура және спорт мәселелері жөнінде де лекциялар өте аз оқылады. Қоғамның ұйымдары қоғам мүшелерін лекция оқуға белсендіре қатыстыра алмай отыр. Қоғам мүшелерінің 40 процентке жуығы осы күнге дейін оның жұмысына қатыспай келеді.

Пленумға қатысушылар ауылшаруашылық білімдерін насихаттау жұмысын ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған лекциялардың саны көбейді, бірақ, олардың сапасы анағұрлым жақсартуды қажет етеді. Бұл лекциялар республиканың колхоздары мен совхоздарының нақтылы міндеттерімен байланыстырылмай, жалаң оқылады. Лекциялық жұмыс, әсіресе, жана жерлерді игеретін аудандарда баяу ұйымдастырылып отыр.

Қазақстан —тары, қант қызылшасы, темекі шығармалылығының отаны, дөңді және техникалық дақылдардан мол өнім алудың отаны. Партия мен үкмет республиканың алдына тың және тыңайған

жерлерді игеру жөнінде құрметті және жауапты міндет қойып отыр. Алайда, механизаторлардың жана жерлерді игеруге ие болған тәжірибелері насихатталып, таратылмай келеді. Ақтөбе облысында еліміздің атақты тары өсірушісі Шығанақ Беренев туралы, Қызылорда облысында—күріш өсіруші Еім Ман Сам туралы, республиканың солтүстігінде дөңді дақылдардан мол өнім алған шеберлер туралы оқылған лекцияларды ести алмайсыз. Өткен жылы және үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Алматы, Көкшетау, Гурьев, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибелері туралы бірде-бір лекция оқылмады.

Ауылшаруашылық білімдерін насихаттау жөнінде қоғамның Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесі алғашқы қадам жасады. Өткен жылы 135 колхозда, 16 совхозда және 23 МТС-те ауылшаруашылық тақырыптарында лекциялар оқылды. Быйыл қоғамның облыстық бөлімшесі ұйымдастырған лекциялардың 70 проценті селолық жерлерде оқылды. Бөлімше колхоз өндірісінің озаттары —бузау өсіруші Восипенек, сауыншы Анохина, агробригадасының бригадирі Охрименко жолдасардың тәжірибелерін зерттеп, жыйнақтады. Аудандық бөлімшелерге «Мамлют совхозының жұмыс тәжірибесі», «Облыстың алдыңғы қатарлы трактор бригадаларының жұмыс тәжірибелері» деген материалдар жіберілді. Көзір облыстық бөлімше Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат—Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозы туралы лекция әзірлеуге кірісті.

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамның II пленумы лекциялық насихатты жақсарту, лекторлардың құрамын нығайтып, кеңейту, қоғамның МТС-тер жөніндегі Республика алдына тың және тыңайған өкілдерін көбейту, лекциялардың идеялық дәрежесін және ғылыми мазмұнын арттыру, жаңа жерлерді игеретін аудандарда лекциялық насихатты кеңінен өрістетуге жөнінде шаралар белгіледі.

Пленум қоғамның республикалық басқармасы президиумын және облыстық бөлімшелерді, қоғамның аудандық және қалалық бөлімшелерін партия мен үкметтің жерлерді игеру жөнінде қойған міндеттерін кеңінен түсіндіруге ерекше назар аударуға міндеттеді.

Пленум қоғамның барлық мүшелерін құрметті міндетті аброймен орындауға—халық бұқарасына Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің мәңгі жасайтын білімдерін, кезіргі ғылым мен техниканың соңғы табыстарын жеткізуге, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жаңашылдарының тәжірибелерін насихаттап, кеңінен таратуға шақырды.

Еңбек өнімділігін арттыру—табыс кілті



Петропавл ет комбинатының жұмысшысы О. Иванова жолдас қаңылтыр іріктеуде тамаша нәтижелерге ие болды. Ол іріктеуші болып жұмыс істей бастағаннан бергі он жыл бойына норманы үнемі біржарым есе орындап келеді.

СУРЕТТЕ: консерві банкілері үшін литографиялық жолмен басылған қаңылтырларды іріктеу. Алдыңғы қатарда О. Иванова жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Орындалған уәде

Қаладағы шағын двигательдер зауытының ұста-пресс цехы (цех басшысы Григорьев жолдас) өндірістік жоспарды асыра орындауда.

Цех коллективі апрель айында жалпы өнім жоспарын 120,4 процент орындап, еңбек өнімділігін өткен айлармен салыстырғанда 20 процент арттырды. Сондай-ақ өнім сапасын жақсартумен бірге цех 600 сомның материалын үнемдеді.

Цехта озаттар саны да көбейде. Штамповшы ұсталар И. Носков, Ю. Трещев жолдасар күнделік нормаларын 200-220 проценттен орындап келеді. Сол сыяқты, цехар А. Чистяков жолдас та өндірістік тапсырмасын артығымен орындауда.

Мұнда жас мамандарға да көп қамқорлық жасалауда. Коллеер училищесін бітіріп, осында жұмысқа келген М. Кубаткин мен А. Власовты штамповшы ұста А. Белов шеберлікке үйретуге қамқорлыққа алған болатын. Көзір Кубаткин мен Белов мамандықты жете меңгеріп, өз беттерімен жұмыс істеп жүр. Олар да күндік тапсырмаларын үнемі 140—150 проценттен орындауда.

Цех жұмысшылары Москва облысы мен Москва қаласы кәсіпорындарының бастамасын қызу қостап, өнімнің өзіндік

Темекі фабрикасының табысы

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының бастамасы облыс кәсіпорындарында кең қолдау табуда. Осы игі істен қаладағы темекі фабрикасы да тыс қалған жоқ.

Москвалықтардың еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөніндегі хатын қызу қостап, фабрика жұмысшылары еңбек өнімділігін 5 процент арттыруға, өнімнің өзіндік құнын 1,5 процент кемітуге және жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға міндеттенген еді. Сонымен бірге олар жоспардан тыс 2500 жәшік темекі беруді, социалистік жарысты өрістетуге отырып, жаңашылдардың қатарын көбейтуге ұйғарған-ды.

Фабрикада жаңа табысқа ие болу күресі еңбек ұйымдастыру ісін жолға қоюдан басталды. Ең алдымен фабрика партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысына басшылықты жақсартып, оның барысын үнемі бақылап отырды. Әрбір цехта үгітшілер листоктер шығарып, көрсеткіш тақталарын толтыруды әдетке айналдырды.

Қабырға газеті де уақытылы шығып тұрды. Онда еңбек озаттарының іс тәжірибесі, жұмыстағы кемшіліктер кеңінен жазылып отырылды. Сондай-ақ цехтарда тәжірибе алмасуға арналған әңгімелер, кеңестер өткізілуде.

Міне, осындай шаралардың жүзеге асырылуы арқасында фабрикада еңбек өнімділігінің арттырылуына әсіресе, жаңашылдар қатарының көбеюіне қолайлы жағдай жасалды.

Мұнда соңғы айлардың ішінде ғана үш жаңалық ұсыныс қабылданды.

Аға механик И. Рыбко жолдас енгізген ұсыныс фабрикаға едәуір пайда келтіріп отыр. Бұрын екі желдеткіш болатын-ды. Бұл екі желдеткіш ауа арқылы және газ арқылы жеке-жеке жұмыс істейтін еді. Көзір екеуі баранбағ таяу жерде бір труба арқылы өтеді. Сөйтіп, бұрын фабрика желдеткіштерге 16 киловатт электр қуатын кетірсек, көзір небары 9-ақ киловатт электр қуатын жұмсайды және олар бұрынғыдан емес, бір желдеткіш есебінде жұмыс істейді. Рыбконың бұл ұсынысы бойынша айына 15 процент электр қуаты үнемделуде.

Сондай-ақ, темекі турайтын станоктың білігіндегі шатунын түзеу үшін оны түгел бұзуға тура келетін. Бұл істі жеңілдетудің тәсілін табу үшін аға механик Рыбко станоктың құрылысын терең зерттеп, көп ізденді. Ақырында ол станоктың білігіне екі жылжымалы сақина орнатты. Бұл білікті бұрынғыдай станоктың барлық бөлшектерін бұзбай-ақ алуға мүмкіндік туғызды.

И. Рыбконың бұл жаңалық ұсыныстары көзір фабрикада кең көлемде пайдаланылып келеді. Алдыңғы қатарлы өндіріс озаттары

діріс озаттарынан үлгі алған басқа жұмысшылар да жаңашылдардың үлгісімен жұмыс істеуде.

Өндіріс тапсырмасын үнемі асыра орындайтын В. Велик жолдас бірнеше агрегатта жұмыс істеп, темекі тығыздауды жақсы меңгеріп алды.

М. Конешева жолдас февраль айында нормасын 123 процент орындап шыққан болатын. Озат жұмысшы бұл табысқа қанағаттанып қойған жоқ. Ол мұнан да зор көрсеткішке ие болу үшін аялбай еңбек етті. Темекінің кентірінде температураны кентіргіш баранбағ дұрыс бағыттаудың жаңа тәсілін ойлап тауып, оны өндіріске шебер қолдана білді. Соның нәтижесінде ол апрель, май айларында өндірістік тапсырмасын 160—170 проценттен орындады.

Темекі тураушы А. Клишина және Ф. Елшұғылова, Н. Зиганшина жолдасар күндік нормаларын үнемі 120—130 проценттен орындап жүр.

Социалистік жарыстың кеңінен өрістеуі, техниканы жете меңгеру және жаңалық ұсыныстардың өндіріске енгізілуі арқасында фабрикада еңбек өнімділігі анағұрлым арта түсті.

Мәселен, февраль, март айларында еңбек өнімділігінің дәрежесі 101—102 процент қана болса, көзір ол 106 процентке жетті. Ал, осы жылдың өткен төрт айының ішінде фабрика коллективі мемлекетке 30 мың сомнан аса үнем берді. Өнімнің өзіндік құны бір процентке жуық кемітілді.

Фабрика коллективі өнімнің сапасы үшін де қызу күрес жүргізуде. № 1 темекі өнімі жоғары сортты темекінің қатарына қосылады. Олар бұл темекіні шығаруды ұлғайтуды алға басты міндет етіп қойып отыр. Бірінші тоқсанда бұл жоғары сортты темекіні шығару жоспары 136 процент орындалды.

Өткен жылы фабрика мемлекетке 38 мың жәшік темекі берсе, быйыл 45 мың жәшік темекі беруге міндеттенді. Фабрика коллективі көзір бұл үдесін аброймен орындауда. Жұмысшылар бес айдың ішінде ғана мемлекетке жоспардан тыс 1440 жәшік темекі берді.

Көзір фабрика осы жылғы бес айлық жоспарды мерзімінен бұрын 106,8 процент орындап, 142 мың сомның өнімін жоспардан артық шығарды.

Бұл жоғарғы көрсеткіштерге фабрика жұмысшылары өндірісті дұрыс ұйымдастыру, техниканы толық қуаттымен пайдалану, жаңалық ұсыныстар енгізіп, техникалық процестерді жетілдіру арқасында жетті.

Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту оның өзіндік құнын кеміту ісінде күрделі табыстарға ие болғаны үшін фабрика Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат.

К. ӘМІРЖАНОВ.

ӨНДІРІС ОЗАТТАРЫ

Комсомолецтердің көмегі

Совет ауданының орталығында тұратын комсомолецтер көктем егісі кезінде колхоздарға зор көмек көрсетті. Жұырда

Салпанатты жыйналыс

1 июнь күні кешкі сағат 8-де қаладағы мәдениет және демалыс паркіндегі жазық театр үйінде балалардың тарихының

нің меңгерушісі Морозова жолдас баяндама жасады.

Аудан орталығының 12 комсомолец Совет МТС-нің тың жер көтеріп жүрген № 12 трактор бригадасында болып, онда 150 гектар тың жер көтеруге және 500 гектар жерге тұқым себуге көмектесті. Әресее, комсомолецтер В. Джукова, Н. Надалинный, Г. Пархоменко, В. Алейникова жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсті.

Аудандық комсомол комитетінің секретары Е. Зайковская жолдастың басқаруымен 15 комсомолец Совет ауданындағы «Көктерек» ауылшаруашылық артельінде болып, колхозшыларға екі жеті бойы көмектесті.

С. ӘБИЛМӘЖИНОВ.

Халықаралық күні құрметіне қалалық әйелдер активінің салтанатты жыйналысы болып өтті.

Салтанатты жыйналысты қалалық партия комитетінің секретары Поповжолдас ашты. Салтанатты жыйналыста «Балаларды қорғаудың Халықаралық күні туралы» облыстық партия комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімі-

ҚЫЗЫҚТЫ КЕЗДЕСУ

Қаладағы М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебін бітірген Теміржан Баширов, кәзір Омск ауылшаруашылық институтының III -курсның студенті. Жақында ол өзі бітірген мектептің оқушыларымен кездесті. Ол оқу-

сқан оқытушы Курбаковская, колхозшы Мамдырыгина, инженер Камская, қаладағы Ленин атындағы №1 орта мектептің жетінші класс оқушысы Расторгуева және басқалары сөз сөйлеп, совет балаларының бақытты, шатты өмірлері туралы айтты.

Салтанатты жыйналыстан соң концерт берілді.

шыларға өзі оқын жүрген институт және мамандық таңдап алу туралы айтты.

Оқушылар Теміржанның әңгімесін қызыға тыңдады.

Т. АҚМЕТЖАНОВ.

күннің кемітуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға көтеріңкі міндеттемелер алған еді. Жұмысшылар бұл уәделерін аброймен орындауа.

Жаппайлардың әдісі бойынша жұмыс істеудің арқасында цехта бірнеше жаңалық ұсыныстар жасалды. 6 разрядтағы слесарь А. Захаров және штамовшы И. Иосконың ұсыныстары еңбек өнімділігін едәуір арттырып отыр. Бұрын металды ажырату қол жұмысымен жүргізілетін. Қазір жұмысшылардың ұсынысы бойынша ол пресс арқылы ажырату көп жеңілдік келтірді.

Цех коллективі жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын асыра орындап шығу үшін жаянамай еңбек етуде.

И. ДЕГТЯРОВ.

Москва қаласы мен Москва облысы алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін оған әрі арттыру жөніндегі игілікті бастамасы қаладағы «Кожхимик» кәсіпшілік артельінің коллективі арасында зор өндірістік өрлеу туғызуда.

Артель коллективі москвалықтардың патриоттық бастамасын қуаттай отырып, өндірісті тыңғылықты ұйымдастыруға, техника қуатын толық пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кемітуге міндеттенгенді.

Бұл күндері коллектив өзінің бұл көтеріңкі міндеттемесін аброймен орындауда. Өнім шығарудың жылдық жоспарын

мерзімінен бұрын және артығымен орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеткен артель жұмысшылары өткен мерзім ішінде айтарлықтай табыстарға жетті. Мұнда өнім шығарудың бес айлық жоспары 120 процент орындалды. Ал, май айындағы артель жұмысшыларының қол жеткен табысы бұдан да зор. Бұл айда мұнда 190 мың сомның өнімі шығарылуда тиіс болса, оның орнына 230 мың сомның былғары өнімдері өндірілді.

Мұндай жоғары көрсеткіштер—артель жұмысшыларының өндіріс қуаты мен жұмыс уақытын тиімді пайдалануын, еңбектің озат әдістерін кеңінен енгізуінің игілікті нәтижесі.

Б. ҚОСПАНОВ.

Партия тақырыбына

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ

Жаңа ұйымдасқан совхоз партия ұйымының жұмыс тәжірибесінен

Булаев совхозы коммунистерінің бірінші жыйналысы жуырда ғана—майдың алғашқы онкүндігінде болды. Партия мүшелері партия бюросын сайлады. Оның құрамына Алматыдан келген партия қызметкері А. Г. Останин, совхоз директоры А. Ф. Кержанер, № 7 трактор-егіс бригадасының бригадирі А. И. Нусинов, кадрлар бөлімінің бастығы В. С. Губарев және участоктік механик Г. В. Давыдов жолдастар сайланды. Бюро мүшелерінің міндеттері жедел белгіленді де, жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Майбалық көлінің кең алқабында тың және тыңдайған жерлерді игеріп жатқан совхоз коллективінің түрлі жұмысының бүкіл саласында кәзір партия ұйымының ықпалы байқалады. Жаңа ұйымдастырылған шаруашылықта барлығы 23 коммунист жұмыс істейді. Олардың бәрі де ерікті-патриоттардың тыңға шабуыл жасауын жауынгерлік ұйымдастырушы, өндірістік тапсырмаларды орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарыстың инициаторы болып отыр. Коммунистер еңбек өнімділігін арттырудың үлгісін көрсетіп, кездескен қиыншылықтарды табандылықпен жеңіп, партияда жоқтарды қажырлы еңбектерімен де, жалынды үгіттерімен де сондарынан ертуде.

Тың жерді игеру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде бола отырып, тракторшы коммунист И. Н. Кульгейко жолдас тамаша нәтижелерге ие болды. «С—80» тракторымен жұмыс істеп, ол 18 күнде 130 гектар тың көтерді. Жұмыстан бос уақытында Кульгейко жолдас механизаторларға өзінің жұмыс тәжірибесін байынды үгіттерімен де сондарынан ерту-газет, журналдар оқыды.

СОБП мүшесі, ағаш шебері М. Д. Мухин жолдас аз уақыттың ішінде еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетті. Жақында ол құрылыс бригадасының бригадирлігіне ұсынылды. Совхоз орталығында Мухин жолдас бригадасы екіқабат үйлердің құрылысын жылдамдатылған қарқынмен

жүргізуде. Әрбір құрылысшының жұмыс нәтижесі нормадан анағұрлым артық.

Коммунистер жұмыстың ең қиынын және жауапты участогінде болуды өздерінің қасиетті борышы деп есептейді. Москвадан келген коммунист Мария Прокопенко жолдасқа кездесе қызмет істеу ұсынылды. Ол мұнан бастартты. Кәзір құрылыс бригадасында жұмыс істеп жүр. Прокопенко жолдас күн сайын екі норма орындайды.

Партия ұйымының совхоз дирекциясының жұмысына бақылау жасауы өзінің игі нәтижесін беруде. Бұл жөніндегі мына бір фактіні айта кетейік. Көктемнің алғашқы күндерінде жүздеген гектар тың жер көтеріліп, оған тұқым себу керек болды. Трактор және егіс бригадаларында маман тұқым себушілер жетіспеді. Бұған таңдануға болмайды. Өйткені, совхоз қызметкерлерінің басым көпшілігі өнеркәсіп орындарынан ауыл шаруашылығына келгендер еді. Жыртылған жерге тұқым себу мәселесі партия бюросының мәжілісінде талқыланып, шешілді. Краснодар өлкесінің совхоздары бірінің бұрынғы қызметкер, бюро мүшесі Нусинов жолдас трактор-егіс бригадасында тұқым себуге әзірше техника ала алмай отырған тракторшыларды жіберуді ұсынды. Оның бұл ұсынысы қызу қолдау тапты. Тәжірибелі механизаторлар өздері жұмыс істеумен бірге, басқаларды тұқым себудің практикалық әдістеріне үйретті. Осының нәтижесінде жыртылған 9 жүз гектар тың жерлерге тұқым қысқа мерзімде және сапалы себілді.

Кәзір совхозда келесі жылдың егісі үшін тың жер жырту жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Совхоз бригадаларындағы 11 «С—80» және 8 «ДТ—54» тракторлары тәулік бойы жұмыс істейді. Механизаторлар тың жерлердің есебінен 12 мың гектар пар жырту үшін қажырлы еңбек етіп, барлық мүмкіндіктерді толығымен пайдалануда. Олардың мақсаты—1955 жылы дәнді дақылдардың әр гектарынан 18—20 центнерден өнім алу.

Өзірге техника алмаған механизаторлар

құрылыс бригадаларының құрамында еңбек етуде. Мемлекет совхоздың құрылыс жұмыстарына 22,5 миллион сом қаржы босатты. Совхоз 100 стандартты пәтер үйлер алды. Мастерской, асхана, аурухана, монша және басқа өндірістік-тұрмыстық үйлердің құрылысы жобаланып отыр.

Инженер коммунист Г. Г. Прушинскийдің инициативасы бойынша совхозда стандартты үйлер салу жылдамдатылған әдіспен жүргізілуде. Мұнда 8 пәтерлі бір үйді, 4 пәтерлі 1 үйді және бір пәтерлі 12 үйді жыйнақтау кәзірдің өзінде негізінен аяқталды. Партия ұйымы құрылыс жұмыстарына үнемі назар аударып, оның барысын өзінің бақылауына алу арқылы совхоздың барлық қызметкерлерін бұл жұмыстарды кезінде аяқтау міндетіне белсене жұмылдыруда.

Механизаторлар мен құрылысшылардың социалистік жарысын кеңінен өрістетіп отырып, партия ұйымы социалистік жарыстың жариялығын қамтамасыз ету үшін, әрбір адамның бір күнде орындаған жұмысының нәтижесін білуі үшін қажетті шараларды жүзеге асыруда. Онкүндіктің қорытындысы бойынша таңдаулы трактор-егіс бригадасына қызыл вымпел береді. Вымпел алғашқы кезде бригадаларда москвалық Короблева жолдас бригадасында болса кәзір ол май айының соңғы онкүндігінің қорытындысы бойынша Кубаньдық Ичелинцев жолдас бригадасына берілді. Бригада пар жыртуда тапсырманы біржарым-екі есе орындап, социалистік жарыста үздік шықты. Әрбір бригадаларда бір күнді жұмыстың нәтижесі бойынша таңдаулы тракторшыларға берілетін ауыспалы жалаулар бар. Егіс бригадаларында көрсеткіш тақталарына жұмыстың нәтижелері жазылып, «жауынгерлік листоктер» үнемі шығарылады.

Ичелинцев жолдас бригадасы табысқа қалай жетті? Бригада дала жұмыстары басталмастан көп бұрын ұйымдасты. Оның құрамында ауыл шаруашылығын жақсы білетін аға-

йынды Владимир мен Василий Копаандар сияқты механизаторлармен бірге моторды жақсы білгенмен «борозда» деген не екенін білмейтіндер де болды. Алайда, бәрінің де жаңа жұмысты игеруге деген ынталары зор болды. Бұл тың жерді жыртуда алғашқы табыстарға жетуге көмектесті.

27 апрель бригадаларының құрамында еңбек етуде. Мемлекет совхоздың құрылыс жұмыстарына 22,5 миллион сом қаржы босатты. Совхоз 100 стандартты пәтер үйлер алды. Мастерской, асхана, аурухана, монша және басқа өндірістік-тұрмыстық үйлердің құрылысы жобаланып отыр.

Инженер коммунист Г. Г. Прушинскийдің инициативасы бойынша совхозда стандартты үйлер салу жылдамдатылған әдіспен жүргізілуде. Мұнда 8 пәтерлі бір үйді, 4 пәтерлі 1 үйді және бір пәтерлі 12 үйді жыйнақтау кәзірдің өзінде негізінен аяқталды. Партия ұйымы құрылыс жұмыстарына үнемі назар аударып, оның барысын өзінің бақылауына алу арқылы совхоздың барлық қызметкерлерін бұл жұмыстарды кезінде аяқтау міндетіне белсене жұмылдыруда.

Механизаторлар мен құрылысшылардың социалистік жарысын кеңінен өрістетіп отырып, партия ұйымы социалистік жарыстың жариялығын қамтамасыз ету үшін, әрбір адамның бір күнде орындаған жұмысының нәтижесін білуі үшін қажетті шараларды жүзеге асыруда. Онкүндіктің қорытындысы бойынша таңдаулы трактор-егіс бригадасына қызыл вымпел береді. Вымпел алғашқы кезде бригадаларда москвалық Короблева жолдас бригадасында болса кәзір ол май айының соңғы онкүндігінің қорытындысы бойынша Кубаньдық Ичелинцев жолдас бригадасына берілді. Бригада пар жыртуда тапсырманы біржарым-екі есе орындап, социалистік жарыста үздік шықты. Әрбір бригадаларда бір күнді жұмыстың нәтижесі бойынша таңдаулы тракторшыларға берілетін ауыспалы жалаулар бар. Егіс бригадаларында көрсеткіш тақталарына жұмыстың нәтижелері жазылып, «жауынгерлік листоктер» үнемі шығарылады.

Ичелинцев жолдас бригадасы табысқа қалай жетті? Бригада дала жұмыстары басталмастан көп бұрын ұйымдасты. Оның құрамында ауыл шаруашылығын жақсы білетін аға-

йынды Владимир мен Василий Копаандар сияқты механизаторлармен бірге моторды жақсы білгенмен «борозда» деген не екенін білмейтіндер де болды. Алайда, бәрінің де жаңа жұмысты игеруге деген ынталары зор болды. Бұл тың жерді жыртуда алғашқы табыстарға жетуге көмектесті.

27 апрель бригадаларының құрамында еңбек етуде. Мемлекет совхоздың құрылыс жұмыстарына 22,5 миллион сом қаржы босатты. Совхоз 100 стандартты пәтер үйлер алды. Мастерской, асхана, аурухана, монша және басқа өндірістік-тұрмыстық үйлердің құрылысы жобаланып отыр.

хаттап, оны жалпының игілігіне айналдыру социалистік жарыста ең басты мәселе екенін совхоз коммунистері жақсы біледі.

Булаев совхозы коллективінің құрамы негізінен комсомолецтер мен жастардан. Бұл күндері шаруашылықтың түрлі саласында 200-ге жуық комсомолецтер жұмыс істеп жүр. Осы ерекшелікті еске алып, партия ұйымы және оның бюросы жастар арасындағы саяси жұмысқа ерекше назар аударуда. 8 трактор бригадаларының әрқайсысында бастаулы комсомол ұйымы құрылды. Оларды өндірістің таңдаулы озаттары, ұйымдастыру жұмысында қабілеті бар адамдар басқарады. Мәселен, бесінші бригадала комсомол ұйымының секретары болып совхоздың таңдаулы тракторшыларының бірі Анатолий Апарин, бірінші бригадала—тіркеуші Зоя Рыбакова жолдастар сайланды. Оларда тынығу сағаттарында коллектив болып радио тыңдау, газет, журналдарды және кітап оқу ұйымдастырылады, механизаторлар волейбол, шахмат ойнайды. Комсомолецтердің инициативасы бойынша бригадаларда көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылуда. Мұның бәрі совхоздың жас коллективін нығайту мәселесіне ойдалғандай әсер етуде.

Кәзір партия бюросы БЛКЖО мүшелерінің есебін анықтап, комсомол комитетін сайлайтын совхоз комсомол конференциясын өткізу жөнінде әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

Совхозда кәсіподақ ұйымдарын құру жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Барлық бригадаларда кәсіподақ ұйымдары бар. Совхоздың 30-ға жуық жұмысшылары кәсіподақ мүшелігіне қабылданды. Таңдауды күндері совхозда кәсіподақтардың ұйымдастыру-сайлау конференциясы өткізіледі.

Партия ұйымдарының бұқарамен жұмысы ең алдымен адамдар туралы, олардың материалдық және рухани тілектері қанағаттандыру туралы, олардың мәдени дәрежесі мен өндірістік мамандықтарын арттыру туралы қамқорлық жасау екені мәлім. Булаев совхозының коммунистері жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын мейлінше жақсарту үшін табандылықпен күресуде. Совхоз ұйымдасқан кезде жұмысшыларды азық-түлік және өндіріс товарларымен қамтамасыз

етуде елеулі кемшіліктер болған еді. Кәзір совхозда жұмысшылар кооперативі құрылып, оның басқармасы сайланды. Басқарманың председатели коммунист Валенко жолдас. Совхоз орталығында вагондүкен, ыстық ас әзірлейтін кухня бар. Екі жылжымалы дүкен бригадаларды қамтыйды. Совхоздың көптеген ерікті-патриоттары өздеріне қажетті кровать, төсек-орын, ыдыс-аяқ, мебельдер сатып алды. Жұмысшылар кооперациясына келетін товарлар күн сайын көбейе түсуде. Барлық трактор-егіс бригадаларында көшпелі кухнялар, тракторшыларға тамақ тасуға қажетті басқа да құралдар бар.

Совхоз дирекциясы жеке оғорд салғысы келген адамдарға жағдай жасауда. Бұл үшін қажетті участоктер бөлініп, ұйымдасқан түрде тұқым сатылып алынды. Совхозда 125 жұмысшы өздері үшін оғорд екті. Күзді күні оларда картоптың және овоцтың молшылығы болады. Бірқатар жұмысшылар өздері үшін пәтер үйлер салмақ. Бұл мақсатқа арнап қаражат және құрылыс материалдары көптеп бөлінуде. Сонымен қатар, жеке пәтер үй салушыларға транспорт, маман, жұмысшы күші жөнінде де көмек көрсетіледі.

Совхозда жұмысшыларды медициналық көмекпен қамту жолға қойылған. Дәрігер О. Панина жолдас емдеу жұмыстарымен бірге, түрлі профилактикалық және мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Жақында совхозға Украинадан тағы да 2 медицина қызметкері келді.

Совхоз жұртшылығы өзінің кітапханасын орындау мақтан етеді. Оның қорында 2 мыңдай кітап бар. Кітапхана менгерушісі, партия мүшелеріне кандидат З. Поставнова жолдас бригадаларды қамту үшін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырды.

Спортшылардың қажеті де ұмытылмаған. 6 мың сомға спорт құралдары сатылып алынып, 2 футбол және 2 волейбол командасы ұйымдастырылды.

Булаев совхозының партия ұйымы бұқарамен осылай жұмыс істеп, еңбекшілердің өндірістік өміріне және тұрмыстық жағдайларына ықпал жасау арқылы партия мен үкіметтің тың жерлерді игеру жөнінде қойған міндетінің жүзеге асырылуына жетісуде.

А. СӨРСЕНОВ.
Булаев совхозы.

Шөп шабуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік!

Пішен дайындауға әзірміз

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығының негізгі саласының бірі—қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендетуді қамтамасыз ету міндетін қойды. Мал санының көбейіп, оның өнімділігі арта түсуі ең алдымен мал азығының берік базасын жасауға тікелей байланысты. Сондықтан да біздің совхоздың коллективі үстіндегі жылы мал азығының берік базасын жасауға барлық күшті жұмылдырып отыр. Быйыл совхозда 6200 гектар көпжылдық шөп егілді. Оның 3 мың гектардай жеріне қосымша сулы себілді.

Сонымен бірге, совхозда біржылдық шөп егуді кеңінен қолданып келеміз. Мұның ішінде, әсіресе, моғар мен судан шөбі егісінің көлемін жылдан жылға ұлғайта түсудеміз. Үстіндегі жылы 350 гектар жерге моғар мен судан шөбі себілді және 110 гектар мал азығындық қызылша шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды. Сол сияқты, 298 гектар жүгері және 102 гектар күнбағыс егілді. Бұл үстіндегі жылы 50 мың центнер күнбағыс пен жүгері сүреуімізді қамтамасыз ететін өнім берейі.

Шөп сүрлейтін шұңқырларды әзірлеуге біз ерте кірістік. Кәзірдің өзінде 30 мың центнер шөп сүреуге болатын шұңқырлар дайындалды. Жылдағы тақрибеміз бойынша сүрленетін шөпті қамбаймен орып, турамақпыз. Ол үшін 8 қамбайды жөндеп қойдық.

Осымен бірге, табиғи пішен дайындауға қызу әзірленудеміз. Совхоздың әрбір бөлімшесінде пішен жыйнау жөнінде жұмыс жоспары жасалып, бригадалар құрылды. Шөп шабатын, шабылған шөпті жыйнайтын машиналар және басқа құрал-саймандардың жөндеу жұмысы аяқталып келеді. Кәзірдің өзінде совхозда өзімізден жүретін 4 машинаның үшеуі, тракторға тіркелетін 6 агрегаттың бесеуі жөнделіп болды. Ал, 3 трактор тырнаушы, 10 көлік машинасы және 20 ат тырнаушы сапалы жөндеуден өткізілді. Мұнымен бірге 3 шөп сырғыш дайын тұр. Шөп машиналарын, тырнаушыларын және құрал-саймандарын жөндеуде ұста Филлер, Марченко, Жанпейсов және басқа жолдастар жақсы көрсеткіштерге жетіп жүр.

Совхоз коллективі быйыл 106 мың центнер құнарлы пішен дайындауға көрек. Біз бұл міндетті орындауға толық әзір отырмыз. Техника қуатын бірінші күннен бастап, өнімді пайдалана отырып, біз пішен дайындауды ең қысқа мерзімде өткізетін боламыз.

Коллектив мүшелері мал басының көбеюі және оның өнімділігінің арта түсуі малды құнарлы азық, жылы әрі жарық қоралармен толық қамтамасыз етуге тікелей байланысты екенін өздерінің жылма-

Октябрьдегілер шөп шаппай ма?

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығынан әрі өркендету ісі мал үшін жемшөптің берік базасын жасауға тығыз байланысты екенін атап көрсетті. Жемшөп базасын нығайтуда табиғи пішенді барынша мол дайындаудың маңызы зор. Сондықтан да Пленум МТС басшыларынан колхоздарда шөп шабу, оны жыйнау, шөмелеу жұмыстарын механикаландыру дәрежесін 1954 жылы жемінде 65 процентке жеткізуді талап етті.

Октябрь ауданындағы МТС-тердің барлығында да бұл міндетті мұлткіз орындауға күш мүмкіншілік толық жетеді. Олар жыл сайын жаңадан өзігінен жүретін, тракторға тіркелетін шөп машиналары, шабылған шөпті жыйнайтын, маяға салатын машиналарды көптеп ауда. Бұл техниканың қуатын сарқа пайдалана білетін маман кадрлар да аз емес. Сондай-ақ аудан колхоздарының қай-қайсысында болмасын көлікке жегілетін шөп машиналары, ат тырнаушытары жеткілікті мөлшерде. Оларда шөбі шүйгін шабындық жерлер де мол. Мәселе осы күш мүмкіншіліктерді пішен дайындауға әрі толық, әрі өнімді пайдалануды ұйымдастыра білуде болып отыр.

Расын айтуымыз керек, өткен жылы ауданның көптеген МТС-тері мен колхоздары осы күш мүмкіншіліктерді пішен дайындауға толық пайдаланбады. Пішен жыйнау жұмысы тәзгіз ұзаққа созылды. Мұның өзі жемшөптің ысырап болуына және сапасының төмендеуіне әкеп соқты. Пішенді шабу мен маялаудың арасында үлкен ашақтық болуына жол берілді. Ал, Калинин атындағы, Киров атындағы, Жамбыл атындағы және «Смычка» колхоздарында шөп шабу жөніндегі жоспар жарым-жартылай да орындалған жоқ. Сондықтан оларда дайындалған шөп малды қыста азықтандыруға жетпеді. Азықтандыру нормасы кемітуінен малдың қоны төмендеуі, олардың өлім-жітімге ұшырауы сияқты өте зиянды фактілер орын алды.

Өткен жылы пішен дайындауда мұндай өрескел кемшіліктердің орын алуының басты себебі, бұл жұмысқа әзірліктің өте мөте қауағаттанғысыз жүргізілуі екенін аудан, МТС және колхоз басшылары жақсы біледі. Бірақ, олар жемшөп дайындауға әзірленудегі өткен жылы кемшіліктер мен қателіктерден быйыл да тиісті қорытынды шығармай отыр. Бұған аудан МТС-терінде 1 июльге дейін шөп машиналарын жөндеу жоспарының небары 23,2 процент-ақ орындалғаны толық дәлел бола алады.

Пішен жыйнайтын машиналарды әзірлеу жұмысы, әсіресе, Торангүл МТС-інде өте мөте баяу жүргізілуде. Мұнда осы уақытқа дейін өзігінен жүретін 16 машинаның 4-і, тракторға тіркелетін 42 машинаның 24-і және 22 тырнаушының 2-і ғана жөндеген. Бұл машиналарды жөндеуші механизматорлардың еңбек өнім-

жағдай МТС басшыларын әлі де асықтыратын көрінбейді» дейді.

Пішен дайындауға әзірліктің жайы Коновалов МТС-інде де осындай. Мұнда 50-ден астам тракторға тіркелетін, 8 өзігінен жүретін машиналар мен 13 тырнаушы әлі жөндемей тұр. Ал, Ворошилов атындағы МТС-те шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу жұмысы әлі қолға да алынған жоқ. Бұл МТС директоры МТС-те шөп жыйнау, маялау жұмыстарын механикаландыруға әлі де жете бермей отырғанын көрсетеді.

Сол сияқты, аталған МТС-тердің басшылары пішен жыйнайтын трактор бригадаларын қамту үшін жылжымалы автотранспортты жөндеу мастерскойларын әзірлеуді, бұл жұмыстарды жөндеуші маман кадрларды тәрбиелеуді, шөп жыйнау жұмыстарын механикаландыруға әлі де жете бермей отырғанын көрсетеді.

Пішен жыйнауға әзірліктің жайы колхоздарда да нашар. Кейбір колхоз басшылары: «Быйыл шөп дайындау жұмысын өзігінен МТС күшімен жүргізілеуіміз керек» деген зиянды пікірмен бұл кұрал-саймандарды жөндеуді баяу жүргізуді ұсынады. Сол сияқты, көп пішен жыйнайтын бригадалар колхоздарда ұстамайды. Ол бригадаларға толықтыра ұстамайды. Ол бригадаларға толықтыра ұстамайды. Ол бригадаларға толықтыра ұстамайды.

Шөп жыйнаудың жөндеуші маман кадрларды тәрбиелеу жұмысына әзірліктің жайы колхоздарда да нашар. Кейбір колхоз басшылары: «Быйыл шөп дайындау жұмысын өзігінен МТС күшімен жүргізілеуіміз керек» деген зиянды пікірмен бұл кұрал-саймандарды жөндеуді баяу жүргізуді ұсынады. Сол сияқты, көп пішен жыйнайтын бригадалар колхоздарда ұстамайды. Ол бригадаларға толықтыра ұстамайды. Ол бригадаларға толықтыра ұстамайды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республикамыздағы МТС-тер мен ММШС-терінде пішен шабу, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарына әзірлікті талқылап, қабылдаған қаулысында жергілікті партия, совет ұйымдарының, МТС, колхоз, совхозының алдына әрбір МТС пен совхоздың пішен жыйнауға барлық жағынан толық әзірленуін қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті мұлткіз орындауға әзірленуін қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті мұлткіз орындауға әзірленуін қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті мұлткіз орындауға әзірленуін қамтамасыз ету міндетін қойды.

МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ БЕРІК ҚОРЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДА

Коновалов ауданындағы «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінің мүшелері жылдан-жылға қоғамдық малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында игі нәтижелерге жетіп келеді. Мұнда жыл сайын қоғамдық мал жемшөп қорымен қамтамасыз етіледі. Өткен жылы колхозда 20 мың центнерден артық шөп, жүздеген центнер сүрленген азық дайындалып, әрбір сыйыр малына 35 центнер табиғи шөп, 20 центнер азық және көп қызылша жемі дайындалды. Соның нәтижесінде өткен жыл малдардың қандылығының төмендеуіне, өнімнің көмуіне және шығын болуына жол берілген жоқ.

Үстіндегі жылы колхоз басқармасы зоотехник пен малдәрігерлерін, малшыларды қатыстыра отырып, жайылымдарды дұрыс пайдаланудың жоспарын жасады. Кәзір осы жоспарда көрсетілгендей, жайылымдықтар бірнеше учаскектерге бөлініп, мал жаюға кезек пайдаланылып келеді.

Колхозшылар пішен жыйнауға әзірлікті ертеден қолға алған болатын. Осының нәтижесінде кәзірдің өзінде колхозда барлық шөп машиналар мен ат тырнаушыларын және басқа құрал-саймандарын жөндеу жұмысы аяқталды. Бұл жұмыста әсіресе колхоздың ұсталары Ваулин және Гусельников жолдастар жақсы табыстарға жетті. Олар күнделік нормаларын 1,5 және 2 еседен орындап отырды.

Быйыл осы колхозда Суворов МТС-нің әкі трактор агрегаты шөп шабуға жұмыс істейді. Осыны ескере отырып, колхоз басқармасы бұл агрегаттарды көлік және адам күшімен толық қамту шараларын белгіледі.

З. ҚАСКЕЕВ.

Қызу әзірлік

Қоғамдық мал санын онан әрі көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жай және құнарлы жемшөптің берік базасын жасауға тығыз байланысты. Мұны түсіне білген «Борьба за коммунизм» колхозының (Совет ауданы) мүшелері быйыл мал азығындық дақылдар егісінің көлемін едәуір ұлғайта отырып, бұл жөніндегі жоспарды толық орындады.

Колхозшылар кәзір пішен дайындауға әзірлікті қызу жүргізуде. Шөп шабуға бұрыннан пайдаланылып келген көлікке жегілетін 20 шөп машиналарынан 15 машина сапалы жөнделіп болды. Сол сияқты, ат тырнаушылары түгелінен дерлік жөндеді. Бұл істе уста М. Омбұлов, оның көмекшісі Н. Бережной жолдастар ойдағыдай еңбек етуде. Олар өздерінің күнделікті тапсырмаларын үнемі толық орындап жүр.

Бірнеше жыл бойы машинашы болып істейтін колхозшы К. Бекбаев жолдас быйыл да көлік машинасымен жұмыс істейтін болды. Оның нәтижесінде, өткен жылы

Оқушылардың өлке тану жорықтары мен экскурсиялары

Облысымыздың ұлан-байтақ кең даласында оқушылар танысатын өте қызықты жерлер көп. Әрбір ауданда табиғаты көркем, тарихи оқыйғамен байланысты, сол сияқты, ауа райы және өсімдік-жандіктері түрліше жерлер, селолар мен ауылдар бар. Олар—оқушылардың өлкетану жорықтары мен экскурсиялары кезінде танысуға лайықты орындар.

Біздің облысымыздың экономикасында ауыл шаруашылығы басты орын алады. Сондықтан да оқушылар бөрінен бұрын ауылшаруашылық өндірісімен танысулары қажет. Өйткені, облыстың МТС-тері мен совхоздары быйылғы жылы мемлекеттен көптеген жаңа техникалар алды. Олардың ішінде жаңа, өндіріске жұмырда ғана енгізілген машиналар аз емес.

Ауыл-село мектептерінің оқушыларының көпшілігі өздерінің жазғы демалысын колхоздар мен совхоздарда өткізеді. Олар колхоз шаруашылығына көмектесіп, ауыл шаруашылығымен тікелей танысуға мүмкіншілік алады. Бірақ, олар өнеркәсіп орындарымен оншалықты таныс емес. Сондықтан ауыл-село мектептері оқушыларының жазғы каникул кезінде өнеркәсіп орындарына экскурсиясын ұйымдастырған жөн.

Оқушылар үшін темір жол транспортының жұмысымен танысудың да зор маңызы бар. Облысымыздың көптеген мектептері темір жол станцияларына жақын жерде. Сондықтан өлкетану жорықтарын ұйымдастырған кезде оқушылардың темір жолмен танысуын қамтамасыз ету керек. Ал, темір жолға алыс аудандардың оқушыларын аэропортпен, автомобиль ротасының жұмыстарымен таныстырған жөн. Бұл жағдайда оқушыларға жергілікті транспорт—Совет Одағының аса зор транспорт шаруашылығының бөлінбес бір бөлігі екендігін ұғындырған дұрыс.

Туған өлкемен таныстыру, ол жерлердің табиғи байлықтары мен өсімдік, жандіктері туралы толық түсінік беру оқушылардың ой-өрісін кеңейтуде зор роль атқарады. Өлкетану жорықтары кезінде, әсіресе, оқушылардың ботаника және зоология пәндері бойынша оқыған өсімдіктері мен жандіктерінен гербарий жыйнауды ұйымдастыру қажет.

Есіл өзенінің жағалауы—қазба жәндіктердің зор қазнасы. Мәселен, Ленин ауданындағы Ильинка селосының маңындағы Есіл жағасында бұдан 40 миллион жылдар бұрын Солтүстік Қазақстан жерінде теңіз суларында өмір сүрген ақула балықтарының сүйектері сақталған. Ал, Есіл өзенінің Явленка селосының тұсында да үлкендігі кісі басындай тас болып қатқан теңіз шаяндарының сүйектері кездеседі. Петропавл қаласының Есіл жақ қыратында, бір кезде бұл араның үлкен теңіздің табаны болғандығын дәлелдейтін теңіз жәндіктерінің қалдықтары да бар.

Ленин, Совет, Полудень, Булаев және Коновалов аудандарының оқушылары үшін «Үлкен өзеннің өртедегі арнасының бойымен» деген тақырыпта экскурсия жасауға болады. Бұл экскурсия маршруттың көлемін аз аудандарының жерлеріне

ныстар, әсіресе, Борлық өзенінің құмдақты жағалауынан көп кездеседі.

Приешім ауданында суы өте тұзды Меңдесер көлі бар. Бұл көл де оқушылардың жорық жасап, танысуына қызықты жер.

Кондратовка ағаш питомнигі оқушылар экскурсиясы үшін өте бағалы. Бұл питомникте Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сибирьдің аудандарында өсетін барлық ағаш түрлері өсіріледі.

Облысымыздың барлық аудандарында дерлік төбе, там, ескі қорған сияқты археологиялық ескерткіштер кездеседі. Бұлар әр дәуірде өмір сүрген адамдардан қалған тарихи ескерткіштер. Мәселен, Петропавл жанындағы Петерфельд селосының түбінде өртедегі тас дәуірінде өмір сүрген адамдардың қалдықтары табылды. Ал, Бағанаты өзенінің жағасынан қол дәуіріндегі мола ашылды. Ленин ауданындағы Петровка селосының маңында VIII-XII ғасырларда жерленген адам сүйектері бар төбелер кездеседі. Преснов ауданының оңтүстік-батыс жағында, Майбалық, Есперді, Жарқын маңайында қола ғасырларында және скифтер заманында өмір сүрген адамдардың қалдықтары бар қорғандар кездеседі. Бұл жерлерге экскурсия жасағанда оқушыларға алғашқы қоғам кезіндегі адамдар өмірі туралы айтқан жөн. Бірақ, төбелер мен қорғандарды бұл жұмысқа рұқсаты бар мамандарды қатысуымыз қазуға болмайды.

Біздің облысымызда тарихи оқыйғалармен байланысты жерлер де аз емес. Солтүстік Қазақстанда қазақ бұқарасының шын достары есебінде келген орыстардың алғашқы қоныстарының қалдықтары да кездеседі. Сол сияқты, орыстардың қазықтары шапқыншылықтан қорғау үшін салған редуттары мен қорғандарының қалдықтары біздің облыста осы күнге дейін бар. Олардың алғашқылары 1752 жылы салынған. Бұл қорғандардың қалдықтары, әсіресе, Пресновка, Кладбинка, Сенжарка, Дубровное, Становой, Полудень, Ганькино және басқа селоларда өте жақсы сақталған.

Петропавлда революциялық қозғалысқа байланысты бар тарихи орындар мен жерлер бар. Әсіресе, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің көрнекті қайраткерлерінің бірі—В. В. Куйбышевтың 1906-1907 жылдары Петропавлда жүргізген революциялық жұмыстарына байланысты ескерткіштерді оқушыларға толық таныстыру қажет.

1919 жылы Қызыл Армия Петропавл түбінде Козықармаш армиясының тас талқаннан шығарды. Преснов, Мамлют, Соколов, Петропавл және Приешім аудандарының оқушылары «Қызыл Армияның 1919 жылғы жеңістері болған жерлер» деген тақырыпта экскурсия жасауларына болады. Сол сияқты, көптеген селоларда азамат соғысы кезінде қаза тапқан революционерлердің туысқандық молалары кездеседі. Бұл жерлерге экскурсия жасаған уақытта оқушыларға Антантаның бірінші жорығы туралы түсінік берген жөн.

данындау маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленуде. Совхоз жұмысшылары мен механизаторларының мал азығын дайындауды комплексті механикаландыруға жетісіп, істің бұл саласында жаңа табыстарға ие болатындығы сөзсіз. Бұған совхоз қызметкерлерінің алған міндеттемелерін аброймен орындау жолындағы қажырлы еңбегі кепіл.

П. ЧАУСОВ,

Булаев ауданы, Совет совхозының директоры.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат

Өткен жылдың күзі, Петропавл қаласының демалыс және тынығу паркінде ашылған облыстық ауылшаруашылық көрмесін көруге келген халық тақыны бірнеше күннен бері толстаған жоқ.

«Овощ шаруашылығы» павильонының орта тұсында қаз-қатар тізіліп тұрған экспонаттардың астыңғы жағына «Жас мичуриншілердің облыстық станциясы» деп жазылған.

—Бұл бөлімге қаладағы жас мичуриншілердің өсірген өсімдіктері мен жемістерінің және гүлдерінің экспонаттары қойылған, —дейді көрмені көруге келгендерге, жас мичуриншілер станциясының қызметкері Татьяна Николаевна Щербакова, — бұл станцияда қала мектептерінен 100-ден астам оқушы тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Олар быйылғы жылы оннан астам овощ түрлерін, көптеген гүлдер және дәнді дақылдар өсірді. Станция бойынша орта есеппен әр гектардан 675 центнерден қызылша, 385 центнерден қанұста, 177 центнерден томат, 171 центнерден қыяр, 267 центнерден қауын, 207 центнерден қарбыз алды. Сол сыяқты, дәнді дақылдардан да жоғары көрсеткішке ие болды.

Көрушілердің назарын, әсіресе, өнімді шыққан жүгері өзіне баса аударды. Солтүстік Қазақстан облысының жағдайында өсіруге болмайды деп есептелінетін бұл өсімдіктің жас мичуриншілер күшімен өсірілуі көрмеге келушілердің құмарлығын арттыра түсті.

—Бұл —қаладағы Максим Горький атындағы ер балалар орта мектебінің оқушысы Геннадий Ерочкин өсірген жүгері, —деп жауап берді көрушілердің сұрағына Татьяна Николаевна. —Ол жас мичуриншілер станциясының тәжірибе участогінде өсірілген. Гектар есебіне шаққанда оқушы Ерочкин әр гектардан 50 центнерден өнім алды.

Өздері егіп, өздері мәшелеп өсірген өсімдіктер мен жемістердің ауылшаруашылық көрмесіне қойылуы және оны еңбекшілердің құмарта көруі жас мичуриншілерді аз қуанышқа бөлеген жоқ. Сондықтан да, олар көрме ашылғаннан бері өздерінің бос уақыттарының көпшілігін осында өткізетін. Әрқайсысы өздері өсірген өсімдік пен жемісті көрушілердің сүй-

сіне қарауын өз еңбектеріне берілген жоғары бағадай сезінетін.

—Біздің жас мичуриншілер станциясы бұдан 9 жыл бұрын ұйымдастырылған болатын, —деп бастады әңгімесін станция директоры Павел Николаевич Степанов. —Алғашқы ұйымдастыру кезінде станция өзінің тәжірибе участогінің көлемі жағынан да, онда жұмыс істеуші жас мичуриншілердің саны жағынан да өте кішіңтей болды.

Жас мичуриншілердің мамандығын арттыру үшін станция басшылары қысқы уақытты олардың агротехникалық білімдерін көтеруге, сол сыяқты жас мичуриншілерді еліміздің озат станцияларының жұмыс әдістерімен таныстыруға пайдаланды. Әсіресе, тұқымды іріктеп алу, жерді агротехникалық жоғары дәрежеде тыңайту және өңдеу, егісті күтім үйрену ісіне баса назар аударылды.

Алғашқы кезде облысымызда өсірілетін дәнді дақылдар мен өсімдіктің кейбір түрлеріне тәжірибе жасауға шақталған жас мичуриншілердің бұл станциясында кейіннен өсімдіктерге шын мәнінде ғылыми тәжірибе жұмыстары жүргізіле бастады. Ең алдымен, жас натуралистер күзде жыртылған зябты өңдеп, участоктің алаңын кеңейтіп, онда жаздық дақылдарды күзден бастап егіп қалдыруды қолға алды. Сол сыяқты, сәбіздің, қызылшаның, пияздың және гүлдердің бірнеше түрлері де күзді күндері егіп қалдырылды. Тәжірибеде әлі де болса көп қолданылмай келе жатқан бұл әдістің біздің облыстың ауа райы жағдайында қандай нәтиже беретіндігін сынау үшін жасалған бұл тәжірибенің қорытындысы игі нәтиже берді.

Станцияның тәжірибе жұмыстарының да көлемі бұрынғыдан әлде қайда ұлғайды. Ендігі жерде жас мичуриншілер тек қана облысымыз жағдайында бұрыннан өсіріліп келе жатқан дәнді дақылдар мен овощ түрлерін ғана емес, оңтүстіктің жылы климатында өсетін жемістерді және гүлдерді тәжірибе участогінде өсіруге кірісті. Олар оқымысты агроном Виктор Николаевич Рассказовтың басшылығымен Мичурин атындағы орталық генетикалық лабораториядан жүзімнің, ал-

тын трактор агрегаттарын құруды, олар агрегаттарды тәжірибелі тракторшылармен, өздігінен жүретін шөп машиналарының машинашыларымен, сол сыяқты, қажетті мөлшерде колхозшылармен, көлікпен және транспортпен толықтыру жұмыстарының кешенділігі отырғанына бұдан әрі түзуге тиіс де болмайды. Сондықтан аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті бұл жұмыстарды шұғыл қолға алуды МТС пен колхоз басшыларынан қатаң талап етуге міндетті.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

Жас мичуриншілер станциясы

маның және жидектің бірнеше сортынның тұқымын алдыртты, ал, Москва облысындағы Грибово селекциялық станциясы Петропавлдың жас натуралистеріне «дүние из всех» атты томат сортының тұқымын жіберді. Сол сыяқты, республикамыздың оңтүстік облыстарынан декоративті гүлдер және гүлді қанұсталар тұқымы жеткізілді.

Жас мичуриншілердің зор табысы — біздің облысымызда бұрын мүлде өсірілмейтін жүгеріні өсіруге тәжірибе жасауы болып табылады.

—Жүгері егісін біздің облыста өсіруге толық мүмкіншілік бар екендігін біздің станцияның жас мичуриншілері өздерінің тәжірибелерінде толық дәлелден берді, —дейді бұл туралы станция агрономы Рассказов жолдас. —Әңгіме, тек жүгеріні дұрыстап отырғызуда.

Рассказов жолдасың тікелей басшылығымен станцияның жас мүшелері жүгері егілетін участокті өңдеу ісіне ерекше назар аударды. Бұл алаңға суперфосфат тыңайтқышы сіңіріліп, участокке жазғытурымғы кезде судың көп ұсталуы қарастырылды. Сөйтіп, жүгері егу жұмысын май айының ортасында, ызғарлы күндер өткеннен кейін бастады.

Жүгері тұқымының өте құрғақ болуы, көп реттерде, егер ол құрғаққырап кеткен жерге себілсе, біраз уақытқа дейін бас тартпай қалады, ал, кеш бас тартудың салдары оның өнімінің аз болуына да әсер етеді. Сондықтан жас натуралистер өз жетекшілерінің басшылығымен жүгері тұқымын отырғызар алдында яровизациялауды, яғни дымқылдандыруды жүргізді. Бұл жағдай тұқымының жерге сіңірілгеннен кейін бұрынғыдай 10-15 күннен кейін емес, 2-3 күннен соң-ақ көктем шығуына мүмкіндік берді. Ал, жүгері тұқымы шаршы-ұлап отырғызу әдісімен егілген болатын. Өйткені, бұлайша егу оның қатараралықтарын баптауға өте қолайлы.

Жас натуралистердің бұл бастамасы өткен күз өзінің игі нәтижесін берді. Олар өткен жылы жүгерінің әрбір гектарынан орта есеппен 20 центнерден өнім алды.

Ал, оның өткен жылғы мерзімде 550 гектар жердің пішінін шабуға міндеттеме алып отыр. Мұндай көтеріңкі міндеттемелерді басқа машинашылар да алуға.

Колхоз партия ұйымы пішін дайындайтын бригадалардағы колхозшылардың механизаторлардың арасында үгіт-бұқаралық жұмысты күшейтуді көздеп, пішін дайындау кезіндегі жүргізілетін партиялық-саяси жұмыстың жоспарын жасады. Кәзір бұл колхозда шөп шабуға әзірлік қызу жүргізілуде.

С. ХАМЗИН.

Станцияда ғылыми зор маңызы бар жұмыстар үнемі жүргізіліп отырылады. Мәселен, өткен жылы жас мичуриншілер Борис Евгеньев пен Юрий Земляновтар томатқа паслен тұқымын будандастырып егу тәжірибесін жүргізіп, құрытынды да томат-паслен алды. Бұл тәжірибе ауыл шаруашылығы мамандары тарапынан зор бағаға ие болды. Быйылғы жылы олар өздерінің бұл будандарын жетілдіре беру жолында еңбек етіп жүр. Ол үшін будандастырылған томат тұқымынан пасленге екіне егіп, оны екінші рет будандастырмақ.

Станцияның ең жас мүшесі № 1 орта мектептің бірінші класс оқушысы Таяна Кузарианың көрсеткіші де қуаныштықтай. Ол өзі өсірген сәбіздің «шантаны» сортынан гектармен есентегенде 830 центнер өнім алды. Ал, бұл сыяқты жас натуралистер мұнда ондан саналады.

* * *

Облыстық жас мичуриншілер станциясы мүшелерінің табыстары республикадан тысқары жерлерге де мәлім. Кәзір мұнда еліміздің түрлі аудандарындағы мектептер мен тәжірибе станциясынан күніне ондаған хаттар келіп жатады. Олар жас петропавлдықтардың өздері өсірген өсімдіктер мен жемістердің және гүлдердің тұқымдарын жіберуді сұрады.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқамінің арнаулы қаулысы бойынша бұл станция Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып ұсынылды. Сонымен қатар, станцияның 22 озат жас мичуриншілері де көрмеге бармақ. Олардың ішінде өздері өсірген егістен мол өнім алып, тәжірибе жұмыстарында зор табыстарға жеткен Людмила Белоусова, Геннадий Ерочкин, Аня Кузарица, Валентин Севостьянов, Оля Свистунова сыяқты пионерлер бар.

Кәзір станцияның жас мүшелері өздерінің тәжірибе жұмыстарының ең жауапты кезеңіне кірісті. Олар быйылғы жылы күзден астам гүл, оннан астам овощ түрлерін өсірмек. Сонымен қатар агроном Рассказовтың басшылығымен жас мичуриншілер тың және тыңайған жерлерге егілетін «гордейформ—10» қатты бидайынан мол өнім алуға бағытталған тәжірибе жұмыстарын жүргізбек.

— Істеріңе сәт, жас достар!

Т. КӘКІМОВ.

шұғыл бойынша 21 километрге созылатын, бір кезде тұзды қалдар болған ескі арнамен таныса алады. Бұл арна арқылы ертеде Ертіс өзені Арал теңізіне құйған. Ал, Есіл—ол кезде Торғай өзенінің бір саласы ғана болатын. Бұл арна біздің облысымыздың жерінде Қамсақты өзенінен басталып, Торангүл көліне дейін, онан әрі қарай Полудень ауданындағы Жалтыр өзеке сайы арқылы Жыланды, Балақты көл, Бозарал, Жарма көлдерін баепіп, Ертіс өзеніне бет алады.

Октябрь ауданының оқушылары үшін «Біздің ауданның ертедегі геологиялық тарихы» деген тақырыпта өлкетану жорығын ұйымдастырған дұрыс. Бұл жорықта оқушылар граниттердің шығу тарихымен және қатты тау жыныстарының бірнеше түрлерімен танысады. Бұл жы-

Балаларды коммунизм рухында тәрбиелейміз

Партия мен үкметтің зор қамқорлығына бөленгендердің бірі —біздің балалар бақшасы. Мемлекеттің балалар бақшасына көрсетіп отырған көмегі орасан зор. Тек қана үстіміздегі жылы балаларға жұмсақ төсек-орын, дивандар, тағы басқа керекті жабдықтар алу үшін 27 мың сом қаржы босатылып отыр. Балалар ойыншығына 7 мың сом берілді. Ал, бұлардан басқа балалар бақшасын жөндеуге 12 мың сом ақша бөлінді.

Бақшада балалардың тәрбиелі, еңбек сүйгіш азамат болып өсулері үшін бар мүмкіншілік жасалды. Бізде кәзір 100-ден аса бала тәрбиеленеді. Олардың күнделік кестесі бар. Тәрбиеленушілер сол кесте бойынша жұмыс істейді. Мәселен, балалар таңертең тұрғаннан кейін жаттығулар жасайды. Одан кейін 10—15 минут өз еріктерімен ойнайды. Соған соң бұрып тамаққа отырады. Бұл балалардың ішкен астарының бойларына сіңуіне жақсы.

Мектеп жасына жетпеген сәбилерді жақсы әдет-ғұрыптарға, салттарға жас күнінен баулуға дамытады. Балалар таза киінуді, таза жүруді, мезгілімен ұйықтап, дем алуға, ойнауды, әлең жаттауды әдеттеріне айналдыруда. Оларға мектепке дейінгі барлық тәрбиенің түрінен түсінік беріп келеміз. Лениннің, Сталиннің, олардың сенімді шәкірттерінің өмірі мен еңбек сүйіштігі, балалық кездері туралы қысқа әңгіме айтып отырамыз.

Балалар бақшасында тәжірибесі мол тәрбиеленушілер де бар. 30 жылдан аса бала тәрбиелеумен айналысып келе жатқан тәрбиеші Варвара Федоровна Бухона-

ва жақсы жұмыс істеп келеді. Ол осы бақшада 1939 жылдан бері қызмет істейді.

Тәрбиешілердің өз білімдерін арттыра түсуі —балалардың дұрыс тәрбие алып шығуларының бірден бір кепілі. Бақшадағы тәрбиешілеріміз үнемі педагогикалық кеңестерді, шығармаларды үзбей оқып отырады.

Тәрбиеші Нина Демьяновна Заикина Ленинградтағы мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер институтының төртінші курсына сырттан оқиды.

Балалар бақшасының қызметкерлері балалардың ата-аналарымен бірлесе отырып жұмыс істейді. Ата-аналар бақшада жиі жиі болып тұрады. Олар тәрбиешілерге үлкен көмек көрсетуде. Ата-аналармен бірлесе отырып, коллектив болып бақша жұмысын жақсарту үшін ата-аналар комитеті құрылды. Олар балалар арасында тәрбиенің дұрыс жолға қойылуы үшін бірсыпыра еңбек етті.

Ата-аналар комитетінің мүшелері Черныева, Селаева тағы басқа жолдастар қабырға газетін шығарысуда, мереке күндерін балалардың көңілді өткізулеріне көмектесіп келеді.

Балалар бақшасының қызметкерлері, жас сәбилердің бақшадан Совет жастарына тән қасиетті тәрбие алып шығулары үшін күресуде. Бұл—біз үшін аса жауапты, әрі абройлы міндет. Бақша коллективі балаларды коммунизм рухында тәрбиелеу үшін жанаямай еңбек етуде.

В. А. СТАВРОВА,

Ленин атындағы балалар бақшасының директоры.

АЛҒАШҚЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Қаладағы педагогикалық училищенің IV-курс оқушылары бірінші мемлекеттік емтиханды ойдағыдай өткізді. Емтихан тапсырған 93 оқушының бірде-бірі жаман баға алған жоқ. Мысалы, IV-курс-курсында (жетекшісі М. Исакова жолдас) оқылтын 24 оқушының көпшілігі емтиханды жақсы деген бағаға тапсырды. Ал, оқу озаттары Асия Рахметова, Люба Чер-

калина, Галина Тарасова, Октябрина, Погодина тағы басқалары жазба жұмысты өте жақсы деген бағаларға жазды.

Кәзір педагогикалық училищенің мемлекеттік емтиханды тапсыратын оқушылар келесі емтиханға қызу әзірленуде.

Г. КӨРПЕШОВА.



Қаладағы К. Д. Ушинский атындағы оқытушылар институтында мемлекеттік емтихан басталды. Суретте: оқу озаты Клавдия Кириченко математикадан емтихан тапсырып тұр.

Оқытушылар институтында

Ушинский атындағы оқытушылар институтының залына бүгін ерте келген Тася мен Шура ғана.

—Мемлекеттік емтихан... Бәрін тапсырған соң, ертең-ақ мұғалім болып шыға келеміз, —деп Тася Шураны құшақтап, зал ішінде билей ала жөнелді.

—Емтиханды жақсы тапсырайық... Соған соң билейміз, —деді Тасяның құшағынан сығылып шыққан Шура.

Олардың қуанышты өңдерінде қобалжу пайда бола бастады. Екеуі оқығандарын еске түсіру үшін бір-бірілеріне сұрақ қойып, қайталады. Міне, олардың маңайына физика сабағынан мемлекеттік емтихан беретін басқа студенттер де келіп, қосыла бастады. Бәрінің де қолдарында шоқ-шоқ гүлдері бар. Жастар жыйналған жерде қобалжу да серпіліп, жаңа бір шаттық нышаны орнағандай болды.

—Жақсы тапсыруларыңа тілектесмін, —дейді ақжарқын Михаил бұрынғысындай еркін сөйлеп.

—Өзің де «5» алып шық, —деп старостаға группа студенттері хормен жауап берді.

...Сағат 9. Мемлекеттік емтихан алынып жатқан бөлменің іші мерекедегідей бөселген. Міне, жауап беруге бірінші болып А. Федянина шықты. Ол билет бойынша жауапты жақсы беріп, оқу программаларын жете меңгергендігін аңғартты.

Мемлекеттік емтиханның алғашқы күнінің қорытындысында 15 студент «5» пен «4» деген бағаларға ие болды. Олар мұндай қол жеткен табысқа оқу жылы бойында уақыттарын дұрыс пайдаланып, қосымша әдебиеттерді үзбей оқу арқасында жетті.

Группа студенттері емтиханға дайындықты жыл басынан күшейткен болатын. Олар сабақтарына біртүрлі жайында...

гілінде өтуі бақыланып отырылады. Өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін студенттерге жеке бөлме және тәжірибе жұмыстарын өткізетін лаборатория бар. Олар оқулықтармен тәжірибе жұмыстарына керекті аспаптармен жақсы жабдықталған. Студенттер көп уақыттары осында емтиханға дайындалуға өткізіп жүр. Институт кітапханасы да олардың сабақтарын әзірлеуге көмегін тигізуде.

Группа комсомол, кәсіпшілер одағы ұйымдарының студенттердің емтиханды ойдағыдай тапсырып шығулары үшін өзінің еңбектері аз емес. Комсомолдар жыйналыстарында сабақтарын жете меңгермей, лекцияны көп босатушылар, семинар сабақтарына дайындықсыз келетін студенттер сыналып, олардың алдыңғы қатарлы студенттерге теңделуері үшін шаралар белгіледі. Мәселен А. Федянина соңғы семестрде лекцияны көп босатып жүрді. Федянинамен комсомол ұйымы, жолдастары әңгімелесіп, оның сабақты босатпау керектігін ескертіп, оны бақылауға алып отырды. Сол сияқты студент Беликов те семинар сабақтарына нашар әзірлікпен келетін-ді. Группа оған да көмектесті. Соның арқасында бұлар алғашқы мемлекеттік емтиханда жақсы бағаға ие болды.

Бірақ, мемлекеттік емтиханнан «жаман» деген баға алған студенттер де жоқ емес. Олар—Матюшина мен Гусева. Коллектив сыныптан дұрыс қорытынды шығармай дараланып жетуі салдарынан және лекцияларды көп босатып, қосымша әдебиеттерді оқымағандықтан алғашқы мемлекеттік емтиханның өзінде-ақ сәтсіздікке ұшырады.

—Матюшина үш семестер бойы марксизм-ленинизм негіздерінен зәчет бермей келді. Коллективтің күшімен тек төртінші семестрде ғана әзер тапсырды, —дейді

ВЕНГЕР ЕҢБЕКШІЛЕР ПАРТИЯСЫ ІІІ СЪЕЗІНІҢ ЖАБЫЛУЫ

БУДАПЕШТ, 30 май. (СОТА). Бүгін Венгер еңбекшілер партиясының ІІІ съезі өзін жұмысын аяқтады.

Съезд Венгер еңбекшілер партиясының жаңа өзгертілген Уставын қабылдады.

Съезд партияның басшы органдарын — Орталық Комитетті сайлады, оның құрамында 71 мүше және 19 кандидат бар, тексеру комиссиясын сайлады, оның құрамында 13 мүше бар.

Қорытынды мәжілісте председателдік еткен Матиас Ракоши, съезді жабарда, Венгер еңбекшілер партиясының ІІІ съезі жұмысының қорытындылары туралы делегаттарға арнап сөз сөйледі.

Ракоши партияның жүргізген жұмысының нәтижесінде оның қатарындағы бірліктің нығайғанын, партияның халықпен байланысының күшейгенін, халықтық өкметтің негізі болып табылатын жұмысшылар мен шаруалар одағының нығайғанын атап көрсетті.

Съезд, деді онан әрі Матиас Ракоши, партияның жіберген қателіктерін шын пейілмен және жасымрай ашып, сынға алды. Съезд кемшіліктерді түзетудің әдістерін ұсынып, партия мен халықтық демократияның алдында тұрған міндеттерді белгіледі.

Съезд, деді Ракоши, партияның және еңбекші халықтың социализмді онан әрі құрудың жоспарларын толығынан және бірауыздан қолдайтындығын көрсетті.

Мұны тек съезд делегаттарының сөйлеген сөздері ғана емес, сонымен бірге Венгер еңбекшілер партиясының ІІІ съезі құрметіне өрістеген социалистік еңбек жарысының табыстары да көрсетті.

Бұдан әрі Ракоши 30 тұрысқан коммунистік және жұмысшы партияларының, оның ішінде Венгрияны азат еткен ұлы Совет Одағының Коммунистік партиясы өкілдерінің съезге қатысып, сөз сөйлегендігі Венгриядағы социалистік құрылыстың халықаралық маңызын ерекше көрсететінін айтты.

Съезге қатысушылар Совет Одағының Коммунистік партиясының және басқа тұрысқан коммунистік, жұмысшы партияларының құрметіне ду овация жасады.

Біздің өткендегі табыстарымыздың, сол сияқты келешектегі табыстарымыздың кепілі, деді Матиас Ракоши съезінің соңында, біздің азат етуіміз—туысқан Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің үдіккеіз қолдауы болып табылады.

Залдағылар бұл мәлімдемені ду қолшалақтаумен қарсы алды.

Ракоши Венгер еңбекшілер партиясының құрметіне және Совет Одағының Коммунистік партиясының құрметіне ұран айтты.

Маркетің —Энгельстің —Лениннің —Сталиннің туы астында, пролетарлық интернационализмнің туы астында жаңа табыстарға, жаңа жеңістерге қарай алға баса берейік!

Матиас Ракошидің бұл сөздерін залдағылардың бәрі ду қолшалақтап қарсы алды. Бәрі орындарынан тұрды. Съезге қатысушылар «Интернационалды» айтты.

ВЕНГЕР ЕҢБЕКШІЛЕР ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

Женева кеңесінің төңірегінде

ЖЕНЕВА, 1 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Хабарға қанық топтарда былай деп атап көрсетілуде: Индо-Қытайдағы соғыс қймылдарын тоқтату туралы келісімнің Қытай Халық Республикасы делегациясының ұсыныстарында баяндалған негізгі принциптерін тоғыз делегацияның талқылауы көзiрдің өзінде кейбір жақсы нәтижелерін берді. Мұны Индо-Қытайдың бүкіл территориясында соғыс қймылдарын тезінен және бір мезгілде тоқтатуға көмектесу туралы мәселе жөнiнде 29 майда қол жеткен келісім айқып көрсетеді. Осы мақсатпен екі командованиенің өкілдері Женевада кездесетiн болсын. Сонымен қатар жергілікті жердің өзінде де байланыс жасалсын деп ұйғарылғаны жұртқа мәлім.

Екі командование өкілдерінің кездесуіне қажетті шаралардың бәрін қолдану үшін бүгін екі жақтың әскери өкілдері арасында алдын-ала кездесу болған. Алынған мәліметтерге қарағанда, бұл кездесулерге француз жағынан генерал д'Элат және басқа бірқатар француз офицерлері қатысатын көрінеді. Әскери өкілдерінің кеңесінде Вьетнам Демократиялық Республикасының атынан Женева кеңесіндегі ВДР делегациясының мүшесі Та Куанг Быу өкіл болады; оған бір топ кеңесшілер, соның ішінде Ха Ван Лау ерiн барады.

Қытай Халық республикасы делегациясының ұсыныстары, саяси байқаушылар топтарында атап көрсетілгенiндей, Индо-Қытай проблемасының соғыс жағына қатысы бар басқа мәселелерді талқылауға да маңызды үлес болып қосылған. Бұл ұсыныстардың негізінде, атап айтқанда, екі командование өкілдерінің Вьетнамдағы қайта топтастыру аудандары туралы мәселеден бастап, соғыс қймылдарын тоқтатқаннан кейiн әскерлерді орналастыру аймақтары туралы мәселені де Женевада, сондай-ақ жергілікті жердің өзінде қарайтындығы жайында келісімге қол жеткені. Бұл пункт жөнiнде келісімге қол жеткендігі тоғыз делегацияның 29 майдағы мазмұндамасында айтылған.

ЕХР делегациясының ұсыныстарында қойылған басқа мәселелер жөнiнде де көзқарастар жақындай бастады деп атап көрсетілуде. Кеңесте болып жатқан дискуссияның барысында, Индо-Қытайдың бүгiл территориясында соғыс қймылдарын тоқтатумен қатар Индо-Қытайға одан тыс жерлерден барлық түрдегі жаңа әскери бөлімдер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ әртүрлі қару мен оқ-дәрі жеткізуді тоқтату қажет екендігіне іе жүзінде ешкім де қарсы болмаған. Бұл түсінікті де, өйткені бұлай болмаған күнде, соғыс қймылдарын тоқтату ісі баянда болмас еді, сөйтiп, соғыс қймылдарының қайта басталу хауіі жойылмаған болар еді. Мұны кеңесте қатысушылар ескеріп отырған болуы керек. Атап айтқанда, француз тарапынан, қолда бар мәліметтерге қарағанда, былай деп мәлімдеген: соғыс қймылдары тоқтатылғаннан кейiн, бақылау туралы келісімге қол жетісімен-ақ, Индо-Қытайға жаңа әскерлер, қару мен жабдықтар жеткізуге ты-

қандай да болса қйыншылықтарды алдын-ала болжап білуге болмайды.

Соғыс қймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуын бақылау жайындағы мәселенің ЕХР делегациясының ұсыныстарында маңызды орын алып отырғандығы жұртқа мәлім. Бұл ұсыныстар осы мақсатпен екі жақтың командованиелерінің өкілдерінен аралас комиссиялар құруды, сонымен қатар бейтарап елдердің комиссиясы тарапынан халықаралық бақылау қоюды көздейді. Кеңесте қатысушылардың бұл бақылауды жоғарыда көрсетілген аралас комиссиялар, сондай-ақ бейтарап мемлекеттердің комиссиясы жүзеге асыруға тиіс дегенге принцип жағынан келісіп отырғандығы атап көрсетілуде.

Мұнымен бірге мынадай жағдай мәлім болды: бейтарап мемлекеттердің комиссиясы туралы мәселе талқылаудың барысында АҚШ делегациясы келісім мен қарар қабылдауға қйыншылық тудыратын позиция ұстаған. Мысалы, комиссияның құрамын белгілеген кезде идеологиялық сипаты бар пікірлерге сүйенуде америка тарапынан әрекет жасалған, ал оның өзі жағында үлкенді-кішілі елдің мемлекеттік құрылысы оның бейтарап елдердің комиссиясына қатысуы туралы мәселені шешуде белгілі шарт бола алмайды. Мұндай комиссия соғысушы екі жақтың мүдделерін ескеруге және соғыс қймылдарын тоқтату шарттарының орындалуын шын мәнісінде турашылдықпен бақылауды жүзеге асыра алатын болуға тиіс. Бұл тұрғыдан қарағанда, жоғарыда аталған комиссияның құрамына Польша, Чехословакия, Индия және Пакистан кіреiн деген ССРО делегациясының ұсынысы зор ынта тудырған.

Индо-Қытай мәселесін талқылаудың барысында Индо-Қытайдағы соғыс қймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына кепілдіктер беру жайындағы маңызды мәселеге қандай көзқарастар бар екендігі де көзiрдің өзінде белгілі дәрежеде айқындалған. Жұртқа мәлім, ССРО делегациясы бұл кепілдіктерді кеңесте қатысушы мемлекеттер қамтамасыз ететiн болсын деген француз ұсынысымен келіскен болатын. Бұл принципті мәселе жөнiнде, мұнда атап көрсетілгенiндей, алшақтық жоқ. Бірақ бұл кепілдіктердің қалай жүзеге асырылуға тиіс екендігіне, тиісті мемлекеттердің өздеріне қандай міндеттемелер алуға тиіс екендігімен байланысты бірқатар мәселелер әлі де шешілмей отыр.

Мұнда мынадай жағдайға да назар аударылуға: соғыс тұтқындарын және уақытша ұсталған жай адамдарды өзара босатуы көздейтiн ЕХР делегациясы ұсыныстарының соңғы пункті де тікелей мүдделі жақтар тарапынан қосталуға, мұның өзі бұл мәселе жөнiндегі де келісімге жетуге жол ашады.

Қытай Халық Республикасы делегациясының ұсыныстарын тұтасыммен бағалай келіп, көптеген саяси байқаушылар бұл ұсыныстардың түбiрлі сыйпатын атап көрсетуде, мұны тоғыз делегацияның мәжілістерінде болған дискуссияның барлық қорытындыларына негізделген бәрi

Эйзенхауэрдің сөз сөйлеуі

ВАШИНГТОН, 1 июнь. (СОТА). Кеше Нью-Йоркте Колумбия университетінің 200 жылдығына байланысты болған қошеғасыда АҚШ президенті Эйзенхауэр сөз сөйледі.

Эйзенхауэр атышулы «коммунистік хауіі» жайындағы өзiнiң әдеттегі сөздерін қайталап айтып, коммунизмге қарсы күресуге шақырды. Американа саясатының көзiргі бағытын «ақтауға» тырысып, президент бұл саясаттың «титтей де болса агрессивный ешпенесі жоқ», ал АҚШ «дүние жүзіне үстемдік орнатуға» тырысып отырған жоқ-мыс дегенді айтты.

АҚШ пен ССРО Үкметтері арасындағы атом мәселелері жөнiндегі келіссөздерге тоқтай келіп, Эйзенхауэр бұл келіссөздер «біздің (яғни АҚШ-тың) көздегенiндей нәтижелер бермеді» деп мәлімдеді. Соның өзінде мемлекеттердің атом және су тегі қаруын қолданудан бастартуы жайындағы Совет ұсынысын Құрама Штаттардың қасарысып қабылдамай отырғандығына, сөйтiп, келіссөздердің табысқа жетуіне қасақана қарсылық жасап отырғандығына президент үндеместен өтiп жетті.

Төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде Германияны қайта қосу туралы және Австралиямен мемлекеттік договор туралы мәселелердің шешілуменендігі үшін жауапкершілікті Совет Одағына жүктеуге тырысқан дағдылы әрекет Эйзенхауэрдің сөзінде тағы да қайталанды, ал, оның бер жағында, бұл мәселелерді ойдағыдай шешуге Совет Одағының ғана анағұрлым көп күш жұмсағаны жұртқа мәлім.

ТАИЛАНДТЫҢ БҰҰ-ға ЖОЛДАҒАН ӨТІНІШІ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 1 июнь. (СОТА). Жуырда Таиланд үкметінің БҰҰ-ға хат жолдап, Индо-Қытай мәселесін талқылауды өтiнiнi хабар етілген болатын. Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: баспасөздің хабарларына қарағанда, Таиландтың Біріккен Ұлттар Ұйымына хат жолдауы тура АҚШ-тың нұсқауымен болған көрінеді. Бұл хат жолдау Женева кеңесін сәтсіздікке ұшырату, сөйтiп, Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауын бүркеiнi, Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайту мақсатын көздейді. Таиландтың БҰҰ-дағы тұрақты өкілінің орынбасары Танат Коман 29 майда ресми түрде тапсырған бұл хатта Индо-Қытай мәселесін талқылау және «бақылаушылар комиссиясын» тағайындау үшін Хауіісіздік Советінің арнаулы мәжілісін шақыру жайында өтiнiш айтылған, бұл «комиссия» Индо-Қытайға барып, ондағы жағдай туралы «объективтік» баяндама жасаған болар еді, делінген.

Танат Команның бұл қадамын жасаудан бұрын АҚШ-тың және басқа мемлекеттердің БҰҰ-дағы өкілдерінен бірқатар кеңестер өткізілгенін баспасөз хабарлары айқып көрсетуде. Таиландтың өтiнiшi БҰҰ-ға тапсырылғаннан кейiн іле-шала АҚШ-тың БҰҰ-дағы делегациясының басшысы Генри Кэбот Лодж Хауіісіздік Советінде АҚШ Таиландты қолдайды деп

Нашар оқытын студенттерге көмектесіп отырды.

Институтта студенттердің емтиханды ойдағыдай өткізулері үшін барлық мүмкіншіліктер жасалған. Консультациялардың расписаниелері ілінің, оның мез-

ол туралы оқу озаты Четверов жолдас.

Оқу жылы бойында уақыттарын дұрыс пайдаланып, еңбек ете білген студенттер өз еңбектерінің тамаша жемісіне ие болды да.

К. ҒУМАРОВ.

„Урожай“ спортшыларының спартакиадасы

«Динамо» стадионында «Урожай» ерікті спорт қоғамының төрт күнге созылған спорт жарысы болып өтті. Бұл жарысқа ауылшаруашылық техникумы, малдәрігерлік-зоотехникалық техникум, ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы және колхоз кадрларын даярлайтын мектептің спортшылары қатынасты.

Жарыста жеңіл атлетикадан 100 метрге жүгіруден ауылшаруашылық техникумының студенткасы Ольга Коваль бірінші орынға ие болды. Осы командадағы Зинаида Венина 400 метрлік қашықтыққа жүгіруде 1 минут 12,7 секундте, ал, 800 метрлікте 2 минут 42 секундте келді.

Ядро лақтырудан бірінші орынға мал дәрігерлік - зоотехникалық техникумның студенті Буянин, ал, диск лақтырудан ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының студенті Адмисеев бірінші орынға ие болды. Баскетбол ойынында мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумның ер және әйелдер командасы бірінші

орынды жеңіп алды. Ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының спортшылары волейбол ойынында жеңіске жетті.

Штабқа көтеруге қатынасқан 20 спортшының ішінен Тулищев, Богинский (ауылшаруашылық техникумы) Хаштыров, Калмаков (ауылшаруашылығын механикаландыру техникумы) бірінші орынға ие болды.

Бұл төрт күнге созылған спартакиада велосипедшілер жарысы да өткізілді. Ерлер командасы 25 километрлік, ал, әйелдер командасы 10 километрлік қашықтықтан жарысты. Жарыста бірінші орынға әйелдерден Царашкина, ерлерден Дүйсенбин жолдастар шықты.

Спартакиада қорытындысында ұпай есебімен бірінші орынға ауылшаруашылық техникумы, екінші орынға ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы ие болды.

Я. АНАТОЛЬЕВ.

ШАХМАТШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Облыстық кәсіпшілер одағының кубогін алу үшін қалада шахмат ойыны басталды.

Ойынға облыстық кәсіпшілер одағының ерікті спорт қоғамынан 16 команда қатысады. Командаларда оқу орындарынан, ауылшаруашылық қызметкерлерінен, өндіріс орындарынан 96 шахматшы бар.

Ойынның алғашқы кездесуінде дайындау және ауылшаруашылық қызметкерлері кәсіпшілік одағының командасы құрылысшылар командасын, механикалық техникумның командасы жергілікті өнді-

ріс қызметкерлерінің командасын, жылу электр орталығы командасы облыстық сауда бөлімінің командасын жеңіп шықты.

Бұл ойында бастаушы және орта мектеп қызметкерлерінің кәсіподағының облыстық комитетінің шахматшылары шығын двигателдер заводының командасымен кездесіп, ойынды 6:0 есебімен өз пайдасына аяқтады.

Облыстық кәсіпшілік одағының кубогін алу жарысы әлі жүріп жатыр.

А. ЗЕКЕНОВ.

Озат сауыншылар

Приешім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелінің сауыншылары Қ. Оспанова, М. Марталар, В. Құсайынова жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен колхозшылар құрметіне бөленген. Өткен жылы бұл сауыншылардың әрқайсысы өздеріне бекітіліп берілген 14 сыйырдан 14 бұзау алып, оларды аман өсірді. Сол сыяқты, әрбір сауын сыйырдан 1500 литрден сүт алды.

ОМАРТАШЫНЫҢ ТАБЫСТЫ ЕҢБЕГІ

Октябрь ауданы, Сталин атындағы колхоздың омарташысы коммунист А. Котяков жолдас ара өсіру жұмысымен еңі жыдан бері шұғылданып келеді. Оның қажырлы еңбегі арқасында қазір колхозда 36 ара ұясы бар. Жұырда Котяков жолдас 51 килограмм ара балын колхозға

Әйелдер егіс жұмысында да озат еңбек істеп жүр. Мәселен, колхозшы А. Жұнцова, С. Сәтенова жолдастар көктем егіс жұмыстары кезінде қажырлы еңбек етті.

Бұл колхозда еңбекке тартылмай қалған бірде-бір колхозшы әйел жоқ. Колхозшы әйелдер өз колхозының шаруашылығын арттырып, мәдениетін гүлдендіру жолында қажырлықпен еңбек етеді.

Ж. ТӘШЕНОВ.

А. СҰРАҒАНОВ.

Б. ДАНЕШТ, 31 маң. (СОТА). Газеттер мынадай хабар басты:

Кеше Венгер еңбекшілер партиясының III съезінде сайланған Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болды. Пленумда бірауыздан мынадай қарар қабылданды:

Орталық Комитеттің Саяси Бюросы 9 мүшеден және екі мүшелікке кандидаттан құрылуға тиіс. Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелері: Матиас Ракоши, Имре Надь, Эрне Гере, Михаль Фаркаш, Лайош Ач, Иштван Хидош, Антал Апро, Андран Хегедюш, Вела Салаи. Саяси Бюроның мүшелігіне кандидаттар: Иштван Бата, Йозеф Мекши.

Орталық Комитет 5 адамнан секретариат сайлады, олар: Матиас Ракоши, Михаль Фаркаш, Лайош Ач, Вела Вег және Янош Матолчи.

ВЕН Орталық Комитетінің бірінші секретары болып Матиас Ракоши сайланды. Мұнымен қатар Орталық бақылау комиссиясының мүшелері сайланды: Дьюла Алани, Геза Асталаш, Ференц Ач, Йозеф Дацо, Имри Дәвен, Йозеф Хайду, Ариад Хази, Барой Кишиш, Ференц Конок, Кароль Мароти, Ференц Невзал.

Орталық бақылау комиссиясының мүшелігіне кандидаттар: Ласло Бернат және Иштван Петери.

Орталық бақылау комиссиясының председателі болып Барой Кишиш сайланды.

Кеше ВЕН III съезінде сайланған Орталық тексеру комиссиясының бірінші мәжілісі болды. Орталық тексеру комиссиясының председателі болып Иштван Криштоф сайланды.

РУМЫНИЯДА БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

БУХАРЕСТ, 1 июнь. (СОТА). Румын халқы балаларды қорғаудың Халықаралық күнін салтанатпен қарсы алуда. Бұл күннің құрметіне тоқыма фабрикасы балаларға арналған жаңа товарлар шығарды; кітап магазиндерінде балалар әдебиетінің көрмелері ашылды; балалар театрлары жасөспірімдер үшін жаңа пьесалар әзірледі. Парктер мен бақтарда, пионер Сарайларында бұл күндері балалардың жаппай серуені, спорт жарыстары, ойындары, жазушылармен, артистермен, өндіріс озаттарымен кездесулері өткізілуде.

Бүгін, балаларды қорғаудың халықаралық күні, газеттер ата-анасыз қалған немесе семьяда тәрбиелеу мүмкіндігінен айырылған балаларды қорғау туралы Румын Халық Республикасының министрлер Советі мен Румын жұмысшы партиясының Орталық Комитеті қабылдаған қаулының тексті жариялады.

ЗАТОПЕКТІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК РЕКОРДЫ

ПАРИЖ, 2 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Брюссельде «Рэсинг клубы» ұйымдастырған спорт жарыстары кезінде белгілі Чехословак спортшысы Затопек 10 мың метр қашықтықты 28 минут 54,2 секундта жүгіріп, дүниежүзілік рекорд жасады.

ЖЕНЕВА КЕҢЕСİNДЕГІ ВДР ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҮНДАМАСЫ

ЖЕНЕВА, 1 июнь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Вьетнам Демократиялық Республикасының Женева кеңесіндегі делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялады:

«Вьетнам Демократиялық Республикасының Женева кеңесіндегі делегациясының өкілі Ха Ван Лау мен Франция делегациясының өкілі полковник Бребиссон арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде екі жақтың соғыс тұтқындары жазған немесе оларға арналған көр-

респонденцияны алысып - берісу туралы келісімге қол жетті.

Медикаменттер жіберу, ауыр науқастар мен ауыр жаралыларды алысып - берісу мәселесіне келетін болсақ, екі делегацияның өкілдері мұндай алысып - берісу туралы принцип жағынан келісті. Бірақ, кәзіргі соғыс жағдайын еске алғанда, мұндай шараларды жүзеге асыру шарттарының тек Индо- Қытайдағы бас командованиелер өкілдерінің арасында пікір алысу шеңберінде ғана реттелуі мүмкін».

АМЕРИКАН САУДА САЯСАТЫ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕ ЗАРДАБЫН ТИГІЗУДЕ

ДЖАБАРТА, 1 июнь. (СОТА). Баспасөздің хабарларына қарағанда, АҚШ-тың сауда саласындағы кемсітушілік саясаты Оңтүстік - Шығыс Азия елдерінің экономикасына үлкен зардабын тигізуде.

Жұырда Коломбода болған каучук жөніндегі халықаралық топтың сессиясында Индонезияның, Цейлонның және басқа елдердің делегациялары американдар өктемдікпен ұсынып отырған баға саясатына қарсы батыл наразылық білдірген. Олар мұндай саясаттың салдарынан жүздеген мың ұсақ өндірушілер апаттың шебіне жетті деп көрсеткен.

Бірақ, американдар Оңтүстік- Шығыс

Азия елдері делегацияларының талаптарымен санаспаған. Анкара агенттігінің бүгінгі хабарынан көрініп отырғандай, Индонезия каучугінің экспорты соңғы айларда төмендеп кеткен. Ай сайын орта есеппен алғанда, шамамен 58,5 мың тонна каучук шетелдерге шығарылуға, ал, оның бержағында өткен жылдары ай сайын 65 мың тоннадан аса каучук сатылып келген.

Индонезияның жұртшылық топтарында Совет Одағымен, Халықтық Қытаймен және халықтық- демократия елдерімен кең көлемде сауда қатынастарын орнатуды жақтаған үндер естілуде.

НЕМІС ЖҮРТШЫЛЫҒЫ ГЛИНКАНЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ

БЕРЛИН, 1 июнь. (СОТА). Демократиялық баспасөз бүгін орыстың ұлы композиторы Н. И. Глинканың туғанына 150 жыл толуын кеңінен атап өтуде. «Берлинер цейтунг» газеті Глинканың өмірі мен творчествосына арналған мақалада былай деп жазған: Глинканың данышпандық шығармалары орындалмайтын бірде-бір ел жоқ. Оның опералық шығармалары — «Иван Сусанин», «Руслан және Людмила» опералары дүние жүзінің ел үлкен театрларының сахнасында көп

жылдардан бері ұдайы қойылып келеді.

«Дер морген» газеті «Орыс операларын жасаушы» деген үлкен кең мақалада былай деп атап көрсеткен: «Иван Сусанин» операсының премьерасы қойылған күні (1836 жылғы 27 ноябрь) орыс музыкасын дамытудағы тарихи күн болып табылады. «Руслан және Людмила» операсында Глинка халықтың ән творчествосы негізінде орыс музыкасының тап- данарлық тамаша дүниесін жасап берді».

1954 жылдың екінші жартысына облыстық „Ленин туы“ және „Ленинское знамя“ газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конпорларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «Партизан балалары» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады.

Фильмді «Белорусфильм» жасап шығарған.

Петропавлдың жылу электр орталығына түпкілікті жұмысқа көчегарлар, электршілер, турбина машинашылары, слесарьлар, жүк тиеушілер, түрлі жұмысшылар және мамандықтар бойынша үйренушілер керек.

Талап қоюда дереу есіндіріңіз.

ИНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР -МИНИСТРІ НЕРУДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ДЕЛИ, 2 июнь. (СОТА). Индияның информациялық бюросы былай деп хабарлайды:

1 июньде Бхопалде сөз сөйлеп, премьер-министр Неру былай деп мәлімдеді: шетелдіктердің ұзақ уақыт бойына өздерінің дағдырын шешуіне Азия халықтары төзіп отыра алмайды. Премьер-министр Женевадағы кеңестің және онда қол жеткен келісімдердің тек қана Азия үшін емес, бүкіл дүние жүзі үшін зор маңызы барлығын, өте күшті әсер ететіндігін мәлімдеді.

АВСТРИЯЛЫҚТАРДЫ БАТЫС GERMAN АРМИЯСЫНА ТАРТУ

ВЕНА, 2 июнь. (СОТА). Баспасөздердің хабарына қарағанда, Австрияда Батыс Герман армиясына австриялықтарды тарту жөніндегі әрекет күшеюде. Көптеген австриялықтар, әсіресе, гитлершіл армияның бұрынғы офицерлері мен унтер-офицерлері анкетасы бар хаттар алуға, хатта бұл анкеталарды толтыру сұралған. Анкеталарда, әсіресе, гитлерлік армиядағы қызметі, тұтқында болғандығы туралы және басқалар жөнінде сұрақтар бар.

Газеттердің атап көрсетуіне қарағанда, бұл хаттар Батыс Герман армиясын құру мәселесімен шұғылданып отырған «Блак вейдентвос» агенттігі жіберіп отыратын көрінеді.

МАРТИН АНДЕРСЕН НЕКСЕНІҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ

БЕРЛИН, 2 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, 1 июньде 20 сағат 50 минутта Дрезденде Ұлттық сыйлықтың лауреаты, Данияның белгілі жазушысы Мартин Андерсен Нексе 85 жасында қайтыс болған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА «ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОЙЫНДАҒЫ АННА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі 146-үйде тұрушы Михаил Владимирович Степанов Мария Николаевна Степановадан айрылатыны жөнінде арыс берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.